Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 30 (1085)

05.08.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЗЕРТТЕУ

ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНЕ ШВЕЙЦАРИЯДАН ҒАЛЫМДАР КЕЛДІ

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ЦЮРИХ УНИВЕРСИТЕТІМЕН 2010 ЖЫЛЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙҒАН ЕДІ. БІРЛЕСЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУ, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАЛҒАСЫ РЕТІНДЕ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ.

Жазғы мектепте Цюрих университетінің профессоры, doctor Peter Finke and PhD Meltem Sancak бастаған постдокторанттар мен студенттер қазақ тілінен сабақ алып, этнография саласында шағын зерттеулер жүргізеді. Шетелдік студенттерге қазақ тілін үйрету үшін Жетісу университетінің ғалымдары арнайы бағдарлама жазған, сол бағдарлама негізінде гуманитарлық факультеттің оқытушылары дәріс береді.

Мектептің алғашқы дәрісінде меймандар университеттегі көрнекі нысандарды аралап, Жетісу университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Алефтина Сембайқызы оқу орнының тарихы жайлы қысқаша презентация жасады.

Этнография саласында білім алып жүрген шетелдік студенттер қазақ халқының ұлттық тағамдары мен аспаптары, салт-дәстүрі жайлы көп мәлімет алғысы келеді. Сондай-ақ жазғы мектеп барысында шетелдік студенттер мен ғалымдарға Талдықорған қаласындағы рухани-мәдени нысандарды таныстыру жоспарланған.

Бір айға созылатын жазғы мектеп соңында Жетісу университетінде Цюрих университетімен бірлескен ғылыми-зерттеу орталығы ашылады деп жоспарланған. Жаңа оқу жылында бірлесе білім беру бағдарламалары даярлануы мүмкін.

Еуропадағы үздік 100 оқу орнының қатарына кіретін Цюрих университетімен бірлесе орталық ашу Жетісу университеті үшін үлкен жетістік.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НЕГЕ?

76 ЖАСТАҒЫ КЕЙУАНА ДАЛАДА ҚАЛДЫ

Жұмыр басты пенденің кез келгені аталы да, баталы тәмсілге мойынсынады. Сол тәмсілдің бірі де, бірегейі: «Жастығымда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» дейтін мәйекті мақал. Алайда «Тағдыр» дейтін құдірет бар, алдағы көрер күннің жақсылығы мен азабы соның қолында. Бүгінгі қоғамда әке-шеше баласынан, балалары ата-анасынан жеріп, сәбилер жетімдер үйінде, қарттар – қарттар үйінде, болмаса баспанасыз көшеде күнелтіп жүргендерін көріп жүрегің ауырады.

Сондай кейуананың бірі Талдықорған қаласында көшеде күнелтіп жүргенін ғаламтор желісінен көзім шалды. Қарт әжейдің бала-шағасы Қытайда қалған көрінеді. Қазақстанға қашан және қай жылы келгені нақтыланбаған. 31 арнаның «Информбюро» жаңалықтарындағы ақпарат көзіне қарағанда әжей осы уақытқа дейін жалдамалы пәтерде тұрыпты. Әу баста, кейуананы жалдамалы пәтерге кімнің орналастырғаны белгісіз. Пәтерге төлейтін ақы-пұлы болмағандықтан көшеде қалған қарт «Мен анамын ғой, визам дайын тұр, тек тез арада ұшақ билетіне көмектессеңдер» дейді. Оның арғы бетте қалған балаларына барғысы келетін сияқты. Бір таңқаларлығы, бір жыл бойы көшеде жүрген аналарының хал-жағдайын Қытайда қалған үш баласы неге білмеді деген сауал туындайды. Жанашырлық танытқандардың үйіне қонып, кейде далада түнеп қалатын әжейдің жағдайы тым ауыр екені айтылуда. «Біреу тойға айналғанда, біреу қойға айналыпты» дегендей, далада қалған қарияның хал-жағдайын күйттеген болып, алаяқтар қала тұрғындарын алдап, қайырымдылыққа қаржы жинап жүргені «Информбюро» жаңалықтарында айтылды. Апырай, үш бірдей баласы аналарының осындай халге түскенін біле тұра, неге қаржы жібермегеніне қайран қаласың. Кейуананың айтуынша, «Оларға салмақ салғым келмейді» дегені бір күмәннің барын аңғартқандай. Көшеде қалған кейуананың халін Талдықорған қаласының әкімдігі де кеш білгендерін айтуда.

«Әжейдің бұндай жағдайда қалғанын енді біліп отырмыз. Әкімшілікке ол туралы арыз, өтініштер түспеген. Алайда қаланың жанашыр азаматтары бар, еріктілер бар біз барынша оның өтініші бойынша Қытайға барып, балаларымен қауышуына көмектесеміз», – деді Талдықорған қаласы әкімі баспасөз қызметінің хатшысы Мәди Шәкенов. Сананы сан-сауал мазалайды. Үш бірдей баласын арғы бетке қалдырған кейуана Қазақстанға келгенде кімге арқа сүйеп келді екен. Туған-туысқа сеніп келген болса, олар неге қарт кісіні көшеге қалдырып кетті?

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

ПРЕЗИДЕНТ — 3 стр.

О МЕРАХ ПОВЫШЕНИЮ ДОХОДОВ КАЗАХСТАНЦЕВ

МАЛШЫЛАР МЕРЕКЕСІ — 4-бет

БЕЛЖАЙЛАУДЫҢ ТӨРІНДЕ, СУАНДАРДЫҢ ЕЛІНДЕ...

ТҰЛҒА — 7-бет

АЙБАТТЫ «АҚШОЛАҚОВ»

ТАҒЗЫМ — 13-бет

ӘБЕН ДӘУРЕНБЕКОВ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА ЖАҢА БАСШЫЛАР САЙЛАНДЫ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Керімбекова Жанар Нұрқыдырқызы Жетісу облысы қаржы басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Керімбекова Жанар Нұрқыдырқызы 1974 жылы туған, білімі жоғары. Қазақ Ұлттық техникалық университетін «өндірістік жылу энергетикасы», Еуразия Нарық институтын «бухгалтерлік есеп және аудит» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын жеке кәсіпкерлік саласында бастап, бірнеше жыл осы бағытта еңбек етті.

Әр жылдарда Алматы облыстық қаржы басқармасының жетекші маманы, бас маманы, бөлім бастығы болған.

2011 жылдың желтоқсанынан – Алматы облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары.

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Ернат Дүйсенбекұлы Бәзіл Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Бәзіл Ернат Дүйсенбекұлы 1978 жылы туған, білімі жоғары. Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «қала құрылысы және шаруашылығы», М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «экономика және бизнес» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Астана қаласында «СУС» ЖШС-нің шебері болып бастаған.

Бірнеше жыл Астана және Алматы қалаларындағы жеке құрылыс компанияларында түрлі қызметтерде болды.

Әр жылдары Алматы қаласының құрылыс басқармасында жетекші маман, бас маман, Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы, бөлім бастығы, басқарма басшысының орынбасары, Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің орынбасары, Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысы, Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының көріктендіру бөлімінің басшысы лауазымдарын атқарды.

2021 жылдың мамырынан Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің орынбасары болды.

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Маржан Мұратқызы Мұрат Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Маржан Мұратқызы 1978 жылы туған, білімі жоғары. Қазақ академиялық университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Алматы қалалық әділет басқармасы Алмалы аудандық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып бастады.

Бірнеше жыл сот жүйесінде және заңгерлік қызмет көрсету саласында еңбек етті.

Кейін Алматы облысының ауыл шаруашылығы департаментінде бөлім бастығы, Алматы облысының қаржы басқармасында бөлім бастығы, басқарма басшысының орынбасары, Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы, Алматы облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2020 жылдың шілдесінен – Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕДИЦИНА

ПЕРЗЕНТХАНАҒА ЖАҢА АППАРАТ ОРНАТЫЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚҚА ГИПОТЕРМИЯ АППАРАТЫ МЕН ЭЛЕКТР ЭНЦЕФАЛО ГРАФИЯ МОНИТОРЫ БЕРІЛДІ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ «SAMRUK-KAZYNA TRUST» ҚОРЫ ӨЗ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ГИПОТЕРМИЯНЫҢ АППАРАТТЫҚ КЕШЕНДЕРІМЕН БЕС НЫСАНДЫ ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖОСПАРЛАСА, ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СОНЫҢ АЛҒАШҚЫСЫ БОЛЫП ОТЫР.

Мамандардың айтуынша, аппараттар Жетісу облысында жаңа туған сәбилердің өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға үлкен қолдау болмақ. Терапиялық гипотермияны нәресте өмірінің алғашқы сағаттарында қолданған тиімді. Бұл ми жасушаларының жұмысын қалпына келтіруге жағдай туғызады. Дәл температуралық әсер қан ағынын түзетуге және нәрестенің бас миының жасушалары мен зақымданған бөліктерінің қалпына келуін бақылауға мүмкіндік береді. Амплитудалық электрэнцефалография мониторы дәрігерлерге ем барысын қадағалап отыруға және тиімді түзетуге көмектеседі.

Орталық жыл сайын Талдықорған өңіріндегі аудан, қалалардан шамамен 6 мыңдай жүкті әйелді қабылдайды. Барлық күрделі жағдайларда сырқаттар осы мекемеге жіберіледі.

– Біз «Samruk-Kazyna Trust» қоры мен «AYALA» қорына көп рахмет айтамыз. Бірнеше жыл бойы гипотермия аппараты мен ЭЭГ мониторына қол жеткізе алмадық. Біздің дәрігерлер бұл құрылғымен қалай жұмыс істеу керектігін біледі. Жыл сайын біз осындай 250-ге жуық балаға қолда бар құралдармен күтім жасаймыз. Енді біздің мамандарға заманауи медициналық аппараттар көмектесетін болады. Бұл біздің облысымыздағы сәбилер өлім-жітімі көрсеткіштерін және туылғаннан асфиксиясы бар балалардың мүгедектік қаупін төмендететініне сенімдімін, – деп атап өтті Алматы облысы Перинаталдық орталығының директоры Қанат Жұмашев.

2017 жылы «AYALA» қоры Қазақстанда алғаш рет автоматты гипотермияны сынақтан өткізді. Талдықорғанның Перинаталдық орталығында «Басқарылатын гипотермия» жобасы шеңберінде қор берген тоғызыншы аппараттық кешен орнатылып отыр. 5 жыл ішінде гипотермия қондырғылары елімізде 210-нан астам баланың жанын сақтап қалған. 2022 жылдың қазан айының соңына дейін «Samruk-Kazyna Trust» демеушілік қолдауымен «AYALA» қайырымдылық қоры Орал, Өскемен, Ақтау және Шымкент қалаларының перинаталдық орталықтарында гипотермияның аппараттық кешендерін орнатуды жоспарлап отыр.

– Еліміздің болашағы үшін әрбір баланың өмірін сақтау маңызды. Биылғы жылы біз нәрестелер өлім-жітімінің деңгейі мен балалар реанимациясын алдыңғы қатарлы медициналық техникамен қамтамасыз ету мәселесі өткір тұрған 5 аймақ үшін жабдықтар сатып алуға қаржылай қолдау көрсеттік. Қазіргі заманғы аппараттар Талдықорған қаласының облыстық перинаталдық орталығының дәрігерлеріне балалар өмірін одан әрі сақтап қалуға көмектеседі деп үміттенеміз, – деп атап өтті «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Альфия Адиева.

«AYALA» ҚҚ президенті Айдан Сүлейменованың айтуынша, қор жұмысының басты мақсаты – бала өлімі мен мүгедектігін азайту ісінде мемлекетке жәрдемдесу. Бұл үшін қаражат жинау мен демеушілерді тарту арқылы қор балалар реанимациясын заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етеді және қазақстандық неонатолог дәрігерлердің біліктілігін арттыруға көмектеседі. «Өмір сыйлайық», «Басқарылатын гипотермия» жобалары мен басқа да бастамалар аясындағы жұмыс барысында қор жалпы сомасы 2 млрд. теңгеге қазақстандық 67 денсаулық сақтау мекемесіне 1100-ден астам реанимациялық медициналық жабдықтарды тапсырды. Осы жабдықтар мен дәрігерлер тегін курстарда біліктілігін арттыру кезінде алған білімдерінің арқасында Қазақстанда 200 мыңнан астам бала аман қалды.

Атап өтсек, Талдықорғандағы облыстық перинаталдық орталық 150 төсекке арналған, соның 10-ы Патология және шала туған нәрестелерді емдеу бөлімшесінде орналасқан. Онда 34 дәрігер мен 126 орта медицина қызметкер жұмыс істейді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ИНФОРМАТИКА

ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ НЕГІЗІ

XXI ҒАСЫР – БҰЛ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ДӘУІРІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ. ҚАЙ ХАЛЫҚТЫҢ, ҚАЙ ҰЛТТЫҢ БОЛСЫН ТОЛЫҒЫП ӨСУІНЕ, РУХАНИ ӘРІ МӘДЕНИ ДАМУЫНА БАСТЫ ЫҚПАЛ ЖАСАЙТЫН ТІРЕГІ ДЕ, ТҮП ҚАЗЫҒЫ ДА – МЕКТЕП.

Қазіргі заман ақпараттың қарыштап дамып жатқан уақыты болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Жаңа ақпараттық технологияны оқу үдерісіне тиімді қолдану-сапалы білім берудің негізгі факторы болып отыр. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғалығын қарастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда информатика пәнінің маңызы зор.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік демократиялық өзгерістерге сәйкес компьютерлік техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды даму салдарынан информатика курсын оқытуға қойылатын талаптар күн сайын ұлғаюда. Информатиканы оқытуда өзекті мәселелердің бірі – сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Олай дейтін себебіміз оқушылардың шығармашылық қызметінің дамуы көбінесе сыныптан тыс жұмыстар барысында жүзеге асады. Бүгінде мектепте, арнаулы оқу орындарында оқытылатын информатика пәнінің орны ерекше және оны сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттыру, ой-өрісін және танымдық қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс өткізілетін түрлі шаралардың маңызы зор. Бүгінгі ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайық жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектепте оқытылатын пәндер бойынша оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын әртүрлі сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру қажет екені белгілі. Осындай жұмыс түрі информатика курсы бойынша жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстардың бірі – оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Оқушылар сайыстарға қатысу барысында қаншама компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасап шынығады. Әсiрece, Move Maker, CorelDraw, Macromedia Flash, FrontPage т.б. Осы компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау – оқушылардың түрліше ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Егер информатикадан ұйымдастырылған ғылыми зерттеу жұмыстарын өткізу әдістемесі оқу процесіне енгізілсе, қоғамдағы және табиғаттағы процестерді зерттеу элементтері мен ғылыми көзқарасы қалыптасып, информатика пәніне деген қызығушылығы артады. Оқушының оқу мүмкіндігі мен қажеттілігі, оқуға мүдделілігі толық іске асырылуы негізінде тұлғалық даму мүмкіндігі пайда болады. Өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды. Оқушылардың информатикадан алған теориялық білімдері мен біліктерін тексеру мақсатында – сыныптан тыс жұмыстарды, сайыс сабақтарын көп дайындау керек. Сонда оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылығы артады, өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды.

Іңкәр МУСАБАЛАНОВА,
Сарқан ауданы Черкасск орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ЗАМЕСТИТЕЛЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА ЕРАЛЫ ТУГЖАНОВА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ АКОРДЫ.

О МЕРАХ ПО ПОВЫШЕНИЮ ДОХОДОВ КАЗАХСТАНЦЕВ

Глава государства заслушал информацию о ходе реализации программы повышения доходов населения.

Ералы Тугжанов доложил Касым-Жомарту Токаеву, что в рамках прямых мер программы по итогам первого полугодия увеличена зарплата 850 тысяч работников бюджетной сферы, 240 тысяч представителей производственного персонала квазигоссектора, 1,2 миллиона сотрудников бизнес-структур.

Президент был проинформирован о том, что правительство выполняет все социальные обязательства. Совместно с местными исполнительными органами исполняется комплекс мер социальной интегрированности в экономику граждан, не имеющих доходов. Для них создаются рабочие места, обеспечиваются возможности для повышения квалификации, приобретения новых навыков.

По словам заместителя премьер-министра, в рамках реализации инвестиционных проектов до 2025 года планируется создание более 2 миллионов новых рабочих мест, из них в 2022 году – 444 тысяч. По состоянию на 1 июля создано 249 тысяч рабочих мест, или 56 процентов от годового плана.

Совместно с акиматами сформирован пул инвестиционных проектов до 2025 года в отраслях обрабатывающей промышленности, нефтегазохимии, аграрного сектора. Перечень включает в себя порядка 847 проектов с созданием более 266 тысяч рабочих мест.

Также было доложено о продлении продолжительности стажировок и росте заработных плат по проектам «Молодежная практика» и «Первое рабочее место», увеличении размеров грантов на реализацию новых бизнес-идей молодежи. Создаются возможности для получения стабильных доходов лицам из социально уязвимых слоев населения, разработан механизм по содействию занятости женщин.

По итогам встречи Глава государства отметил важность повышения доходов населения, что напрямую зависит от достижения целей, предусмотренных в национальных проектах. Правительству поручено держать данный вопрос на особом контроле. Президент считает, что обеспечение роста доходов граждан должно стать приоритетом в работе всех центральных и местных исполнительных органов.

КОМУСЛУГИ

УТВЕРЖДЕНЫ СНИЖЕННЫЕ ТАРИФЫ

Названы регионы Казахстана, где будут платить меньше за комуслуги. В ряде регионов страны утверждены сниженные тарифы на общую сумму 6,4 млрд тенге, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на КРЕМ МНЭ РК.

В Комитете по регулированию естественных монополий сообщили, что казахстанцы смогут платить меньше за коммунальные услуги в Нур-Султане, Павлодарской, Мангистауской, Жамбылской, Костанайской, Алматинской и Восточно-Казахстанской областях.

По итогам июня введены временные компенсирующие тарифы в 12 регионах страны: Нур-Султан, Шымкент, Акмолинская, Актюбинская, Алматинская, Атырауская, Восточно-Казахстанская, Жамбылская, Карагандинская, Костанайская, Мангистауская, Туркестанская области по сферам услуг теплоснабжения – 266 млн тенге, водоснабжения – 293 млн тенге, водоотведения – 54 млн тенге, электроснабжения – 129 млн тенге, транспортировки товарного газа — 1,4 млрд тенге.

«*В результате по состоянию на 30 июня 2022 года общая сумма утвержденных ВКТ составляет 6,44 млрд тенге (с учетом ранее озвученных сумм*)», – отметили в ведомстве.

Ранее сообщалось, что завершен мораторий на повышение тарифов на коммунальные услуги для населения на 180 дней, и во втором полугодии ожидается подорожание услуг.

ГОРОДУ ТЕКЕЛИ – 70!

ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ «ТЕКЕЛИ» ОСТАВИЛА ДОБРЫЙ СЛЕД

В 1997 ГОДУ ПО ИНИЦИАТИВЕ АКИМА ГОРОДА ТЕКЕЛИ НИКОЛАЯ ИВАНОВИЧА РУСИНОВА БЫЛА ОБРАЗОВАНА ГОРОДСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ «ТЕКЕЛИ». У ИСТОКОВ КОМПАНИИ СТОЯЛ ТОГДА НЕСТЕРОВ КОНСТАНТИН МИХАЙЛОВИЧ, ИСПОЛНИТЕЛЬНЫМ ДИРЕКТОРОМ НОВОСЕЛОВА СВЕТЛАНА ГРИГОРЬЕВНА, А ТЕХНИЧЕСКИМ ДИРЕКТОРОМ БЫЛ ХИСМАТУЛИН РАБИН ЧИКТАЕВИЧ.

Я узнав об этом событии решила попробовать испытать себя в освещении передач. Зашла на прием к Константину Михайловичу. Он внимательно выслушав меня, чтобы проверить на деле вручил мне распечатанные тексты информации на казахском и русском языках назначил время прослушивания. Зайдя в студию у меня появилось какое то волнение и напряжение. Одним словом страх перед микрофоном. Но затем собравшись, взяв себя в руки, сосредоточилась и подала сигнал о готовности. Старалась четко и выразительно, без запинки прочесть тексты информации. Подводивший итоги прослушивания Константин Михайлович известив меня, о том, на какие моменты он обращал внимание заключил: «Всё Айгуль, поздравляю тебя, ты нас вполне устаиваешь. Здорово, что прекрасно владеешь и читаешь на двух языках одинаково грамотно, четко произносишь слова, правильно ставишь интонации, самое главное у тебя отличная дикция. С завтрашнего дня можешь приступать к работе!».

На следующий день я пришла в ГТРК и меня приняли в качестве диктора телевидения. Так начались в моей жизни интересные и беспокойные дни в телерадиокомпании «Текели». Тогда здесь собралась одна молодежь, коренные текелийцы, любящие свой красивый город. Одним словом, энтузиасты, которые работали ради выпуска программы ГТРК, даже не смотря на то, что вопрос о заработной плате был для них не самым главным. Я до сих пор помню как у ребят горели глаза, у них были желание вдохновение, настроение, воодушевление, стремление к действию, достижению целей. Честно говоря, всем интересно было освещать жизнь своего родного города через ГТРК и они от этого получали удовольствие. Одним словом, молодые парни и девушки дружно работали над созданием теле и радио эфира. Мы днём и ночью, в прямом смысле этого выражения, трудились над сбором и освещением свежей, оперативной информации, актуальных репортажей и передач о буднях горняцкого города, для того чтобы доказать состоятельность и необходимость ГТРК. Мощность оборудования позволяла транслировать свои передачи на многие населенные пункты нашей области и города Талдыкорган. Постепенно у нас сложилась своя аудитория зрителей и слушателей. Радио «Текели» стало любимым каналом как для горожан так и для тех кто был в пути. Вдохновенно работали профессиональные журналисты такие как Шора Батырбаев, и любящие свой город Макен Шалкыбекова, Люция Лисогор, Любовь Тлеубекова, Мария Тараненко, Ольга Тараненко, Светлана Кнуренко, Елена Бершадская, Галия Жанбырбаева, Алина Капустина, Валентина Чудова, Елена Демченко,Алия Утегенова, Назгуль Мусаева.

Спустя некоторое время я по совместительству исполняла обязанности редактора информационной службы ГТРК. Записывала репортажи и составляла концертные программы по заявкам телезрителей. Программу «Музыкальный подарок» вела Наталья Подкорытова.

До сих пор помню свой первый репортаж записанный из городского отдела внутренних дел на тему правопорядка, который был запущен в эфир 4 октября 1998 года.

Тогда президентом ГТРК был Константин Михайлович Нестеров, человек творческий, предприимчивый, энергичный, с большой фантазией и организаторскими способностями. Который на ровном месте из ничего сумел создать ГТРК, разыскать и сплотить вокруг себя способную, одаренную, молодежь, одержимых одной идеей энтузиастов и патриотов.

К стати, Константин Михайлович и по сей день вдохновенно трудится во благо процветания нашего города.

Все техническое вещание телеканала, а это самое важное, легло на плечи Рабин Чиктаевича. Он отвечал за всю технику, за рылейную станцию, нес ответственность за организацию доставки видеокассет на телевышку.

Невозможно не отметить Александра Артющенко – это человек который каждую пятницу просто так оказывал огромную помощь ребятам в доставке на мотоцикле смонтированного видеоматериала на телевышку для своевременного вещания.

В буквальном смысле, днём и ночью работали не покладая рук операторы радио и телевидения Максим Леонидов, Артем Орлов, Рафик Эйналов, Виктор Попков, Матвей Шестаков, Евгений Мирошниченко, Олег Поддубный, Станислав Шестаков, Виктор Лепских, Ринат Фазылбаев и другие. Многие горожане могли видеть этих ребят с камерой на плечах, в объективах которых отражали и лица простых горожан и поноромы родного города и красивейшие уголки Джунгарского Алатау. Они бесстрашно спускались в шахты и поднимались на мраморный карьер, по крутым горным дорогам добирались до телевышки. А такой умелец как учитель труда СШ №8 Александр Сологубов, который помогал в оформлении студии и ребята своими руками из обыкновенных дождевых зонтиков мастерили светоотражатели для студийного освещения.

Маленькая горняцкая телерадиокомпания стала трамплином для многих из этих ребят. Так, Артем Орлов работает с российскими телеканалами и является оператором постановщиком проекта «Квартирник у Маргулиса», на казахстанском телеканале работает Матвей Шестаков оператором сериалов и документальных фильмов. Его работы сериал «Аналық сезім» и фильм «Когда ангелы спят». Ринат Фазылбаев оператор-фрилансер, Виктор Лепских работает видеоинженером на канале СТВ в Алматы, Олег Поддубный открыл свою фотостудию в городе Талдыкорган, Максим Леонидов ведущий дизайнер 31 канала в Алматы, Евгений Мирошниченко открыл свою студию «Motor production» в южной столице.

Следующим этапом стало объединение городской газеты «Текелийский рабочий» и ГТРК «Текели» где руководителем была Сауле Каптаевна Малибекова.

Огромную помощь оказали мне в творческом росте и направляли работу моей службы Сауле Каптаевна, заместитель акима курирующая социальную сферу города Гульмира Баяхметовна Маупашева и руководитель отдела внутренней политики Текелийского городского акимата Роза Срапиловна Курмансеитова.

Руководство нашего градообразующего предприятия с одобрения президента «Казцинк» решило вопрос частичного финансирования ГТРК и часть нашего коллектива через несколько месяцев спустя, как начала работать компания получили свою первую «получку», закупили более современное оборудование, тем самым улучшив качество и диапазон вещания. Далее ГТРК развивался и расширял свою деятельность.

ГТРК своим вещанием поднял имидж города Текели, многие жители области стали присылать заявки на музыкальную программу, приглашали освещать проводимые значимые мероприятия. Мы по мере возможности выполняли их заявки и освещали в эфире.

Мне хочется верить, что работа нашей телерадиокомпании «Текели» оставила добрый след не только в истории города но и в сердцах его жителей. Молодое поколение должно знать об этой истории, в которой работали молодые парни и девушки не считаясь своим временем ради осуществления намеченной цели, проявляя истинную верность, любовь и патриотизм к своему городу!

Айгуль КАЛЫСБАЕВА,
заведующая филиалом
УМЦ «Тіл» города Текели

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАЛШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

БЕЛЖАЙЖАУДЫҢ ТӨРІНДЕ, СУАНДАРДЫҢ ЕЛІНДЕ...

МАЙЛЫҚОЖА АҚЫН ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТІЗБЕКТЕП, ЖЫРҒА ҚОСҚАНДА ҚАЗАҚТЫҢ «МАЛЫМ ЖАНЫМНЫҢ САДАҒАСЫ, ЖАНЫМ АРЫМНЫҢ САДАҒАСЫ» ДЕГЕН ТӘМСІЛІН АРҚА ТҰТЫП, ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ТӨРЕСІ ТҮЙЕДЕН БАСТАП, ҰСАҚ МАЛ ҚОЙҒА ДЕЙІН ТІЛГЕ ТИЕК ЕТКЕН ҒОЙ, ЖАРЫҚТЫҚ.

Көштің көркі түйе еді,
Шыңырауға Қауға байлап бақ.
Жетекші келер жылқы мал,
Семізін мініп айдап бақ.
Қой деген мал береке,
Қолайлы қоныс жайлатпақ.
Сиыр, өгіз тоқ қылар,
Түнеген жері айбатпақ.
Шаруа болсаң, мәнісін
Әр қайсысының ойлап тап.
Дихан ақылын танысаң,
Көп айдалған тапқа бақ.
Атыңа батса алтын ер,
Атып ұр да, отқа жақ.
Ынтымақ, үлгі іздесең,
Кәриясы басшы топқа бақ.
Қалбағайлы түйелер
Жүк көтермес салтаңдап.
Аруанадан туған нар,
Көп көтерер талтаңдап
Ат қадірін білмеген
Батбақта қалар салпаңдап.
Ас қадірін білмеген
Ашықпай қалмас аңқаңдап, – дейді.

Баяғы тоқсан мың жылқы айдаған Қарабай болмаса да, мыңғыртып он мың жылқы, мыңдап түйе, табындап сиыр, отарлап-отарлап қой айдаған байлар бұл заманда да баршылық. Төрт түлік те байлықтың бір көзі. Қымызы мен шұбаты – сусын, мінсең – көлік, терісі мен жүні – кисең киім, еті – азық-түлік болған жануарлардың көбейгенінен қазаққа зиян жоқ. Анығын айтқанда, экономиканың күре тамырының бір көзі осы төрт түлікте жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл көсір», деп кешегі Кеңестік кезеңде де ұранға айналдырғанбыз. Қазақстанда қой санын елу миллионға жеткіземіз деген жоспар, елу жыл ел ағасы болған, үш мәрте Социалистік Еңбек ері, Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы болған-ды. «Мал да бақканға бітеді» деген мақал мәнегін әлі жоғалта қойған жоқ.

Жаз жайлау, күз күзекте, қыс қыстауда көшіп-қонып жүретін малшы қауымы үшін Кеңестік кезеңде бар жағдайды мемлекет жасайтын. Колхоз, совхоздар малдың жемшөбін түсіріп, қора-қопсысын жөндеп, көшіріп, қондыратын. Малшылар үшін қызыл отау тігі-ліп, үгіт бригадасы жұмылдырылып, тіпті жайлауда қос басына монша, баспаналар салынып, электр жарығы тартылып, озат шабандарды дәріптеп, мадақтап марапаттап, Жоғарғы кеңеске депутаттыққа сайлайтын. Бертін келе, мал бордақылау алаңдары салынып, жастарды сонда жұмылдырып, еңбек өтілі екі жыл болғандарға жолдама беріліп, жоғары оқу орнына түсулеріне жәрдемдесетін.

Жекешелендіру дәуірі басталып әркім өз күнін өзі көре бастағанда миллионер ұжымшарлар ыдырап, «танауын тасқа соққан балықтай» талмаурап қалған шаруашылықтар қолдағы малдың бәрін «бартерге» салып, күн көрісі қиындаған қара халық бір қойды бір қап ұн мен бес алты кірсабынға айырбастап, тігерге тұяқ таппай қалған күндерде болған. Есеңгіреп барып, заман ағымына қарай қайта бейімделген ауыл халқы егістік пен бірге мал шаруашылығын қайта жандандырып, төрт түліктен өргізіп, мал басын көбейтуде. Жасыратын несі бар, бұрындары атабабаларымыз малды жылқымен бақса, бүгінгінің байлары (джип көлігімен) бағып жүр. Жолыңыз түсіп, Жетісу өңірінің кез келген аймағына жол тартыңызшы, отар-отар қойды екі аяқты мотоциклге мініп алып, төбе-төбе аңғарлар мен жылғалардың арасында мал қайырып жүрген малшы қауымды көресіз. Қазір отар-отар қой, мыңғырған жылқы, түйе, мүйізді ірі қаралары бар байырғы малшылар (бүгінгі байлар) малдарын бағатын бақташы таппай жүр. Шабан дегеніңіз – қат тауар сияқты (дефицитке) айналған. Өткен жылы өзім туып өскен Панфилов ауданындағы Белжайлауға араға отыз жыл салып сағынышпен барғанмын. Баяғы советтік кезеңдегідей Аяқсаздан Құсмырынға, күнгей беті Шұбаршаға дейінгі аралықта мыңғырған малда есеп жоқ. Жұмыртқадай тігілген аңшаңқан үйлерде баяғыдай тіршілік байқалмайды. Бірлі-жарым шабандар келін-кепшіктерімен, отбасыларымен киіз үйде түтін түтетіп, сабада қымыз пісіріп, құрт-май шайқап отырғандары некен-саяқ. Шабандардың көбі салт атты, тіпті күнделікті тұтынатын нанның өзін ойдан келетіндерге тапсырыс беріп алдырады екен. Арша мен қарағайдың исін бұрқыратып түтін түтетіп отырған баяғы берекелі қауымды көре алмай, кәдірі қашқан жайлаудан жабырқап қайтқаным бар. Бұл бөлек әңгіме.

Құрылғанына отыз болған жаңа қоғамда XX ғасырдың шабандарының шаттығын көре алмайсыз. Жекеменшіктің дәуірі анайылық пен жабайлықты сүйегіне сіңіріп, аста-төк, ақкөңіл малшы қауымды сатып алып ішіп-жеуге үйретіпті. Желіге бота-құлын, бұзау байлап ақ ішіп, екі беттері қызыл алмадай болып жүрген малшы қауымын сирек көресіз. Малшылардың көбі салт жұмыс істейтіндерін айтып, бала-шаға, жанұялары ойда қалғандарын айтып еді. Неге жаз жайлауға алып келіп, сауын сауып, сол бала-шағаны аққа тойдырмасқа?! Оған не кедергі деген сауалыма жалақы мардымсыз, қожайындар малының сүтін де есептеп, жалақыға шағады. Өзіміздің бес-алты тұяқ үшін жүрміз ғой дегені бар. Иә, еңбекақысын бермей, өзін қорқытып-үркітіп, жұдырықтап мал соңына салып, құлша жұмсайтын қожайындар да баршылық.

Жетісу өңірі Матай ауылында шабанды «джиппен» қуалап, әйелі мен баласының көзінше соққыға жыққан шаруа қожалығының бейнесі бүкіл желіге тарап, полиция қылмыстық іс қозғаған болатын. «Ескіні айтпай, жаңаның жаңғыруы екі талай» демекші, қәдірі қашқан малшы қауымы туралы қайтадан Кеңестік дәуірді айтсақ ештеңе болмайтын шығар. Малшылар мерекесі жаз жайлауда аталып өтетін. Онда 100 жылқыдан – жүз құлын, 100 қойдан – 120-150 қозы, ірі қарадан артығымен бұзау алған озат шопандар мен сауыншылар марапатталып, жыл соңында қосымша табыс алып, атақтары одаққа тарап жататын. Сол малшылар мерекесі кейінгі жылдары қайта жаңғыруда. Әлемді жаулаған Ковид-19 бен пневмония індеті әбігерге салып, тіршілік көзі тұмандаңып қалып еді. Биылғы жылдан бастап малшылар мерекесі қайта қолға алынды.

Маусым айында белгілі меценат Бауыржан Оспанов Ойжайлау бауырында 50-ден астам ақбозүйлер тігіп, мал тұқымын асылдандыруда халықаралық семинар өткізіп, малшы қауымын құрметтеп, ат шаптырып, аламан бәйге беріп, палуандарын күрестіріп, озат шопандарға автокөлік мінгізіп, мәртебелерін бір көтеріп тастаған-ды. Енді, міне сол үрдіс Панфилов ауданындағы Белжайлауда жалғасын тапты. Бүгінде ауданда 105 611 бас ірі қара, 379 458 қой-ешкі, 22 535 жылқы және 370 бас түйе бар.

«Белжайлауда малшылар қауымына арналған дәстүрлі мереке «Шабан той» ұйымдастырылып, аудан бойынша ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтіп, жайлау көрігін қыздырды», – дейді аудан әкімінің баспасөз өкілі Нұрбол Қанағат.

Айтулы мерекеде аудан басшысы Марат Сағымбек жайлау төріндегі малшы қауымымен жүздесіп, мерекелік тілегін айтты.

– Жыл бойы адал еңбек етіп жүрген азаматтарды елдің шетінде, желдің өтінде қалдырмай әркез осылай қолдау көрсетуіміз қажет. Жайлауда бұндай мереке өтпегелі біраз уақыт болыпты. Сондықтан өздеріңізбен жүздесіп, пікір-кеңестеріңізді тыңдайық деп мерекелік шара өткіздік. Әрқашан еңбектеріңіз жемісті болсын», – деген аудан әкімі 6 отбасыға баспана кілтін табыстады.

Жайлау төрінде малшылар отбасын қуантқан жеке шаруа қожалықтың басшылары Тасқын Жапарқұл, Берік Оразбай, Кәмшат Жақыбаева бастаған кәсіпкерлер малшылар қауымына баспанадан бөлек, ақшалай сертификаттар табыстады. Атап айтсақ, Жаскент ауылдық округінен «Ернар» шаруа қожалығы – Нұрлан Ботабайға, Көктал ауылдық округінен «Байгудиева Гүлнар» шаруа қожалығы – Еркін Найманбаевқа, Қоңырөлең ауылдық округінен «Дәулетхан Қожахметов» ШҚ – Еркебұлан Қожахметовке, Үлкенағаш ауыл округінен «Оразбаев Б» ШҚ – Нұрбол Сейітжапаровқа және Үшарал ауылдық округінен «Жақыбаева.К» шаруа қожалықтары өз малшыларына баспана тарту етті. Соның ішінде «Оразбай. Б» шаруа қожалығы өз қызметкерлеріне 8 млн. теңгенің қаржылай сертификатын табыстады.

Жалпы барша малшы қауымға сый көрсетіліп, «Ауыл еңбегі үшін» арнайы төсбелгісі басқа да ер-тұрман, жәдігерлер сыйға тартылды.

Соның бірі 87 жастағы Нұрлыбай Шаукеев ақсақал. Өмірінің 50 жылдан астамын осы Белжайлаудың төрінде өткізген малшы қария осы күніне шүкірлігін айтуда.

– Алты баламды осы малмен асырадым. Барлық бала-шағама баспана, көлік алып бердім. Малдың берекесі бар. Жайлау – менің өмірім. Бұндай той жиі өткені дұрыс. «Ауыл еңбегі үшін» деген медаль алып жатырмын. Өте қуаныштымын. Жастар мал бақса ақша да, байлық та осында. Таза табиғи өнім, денсаулыққа да пайдалы. Той өткізген азаматтарға алғыс айтамын, – деп ағынан жарылған қария жастарды мал бағуға шақырды, – дейді баспасөз өкілі Нұрбол Қанағат.

Биыл жауын-шашын мол болып, ой да, қыр да, жайлау да жасыл кілемге оралып-ақ тұр. Былтырғы жылы қуаңшылық болып, малшы қауымы үшін мал азығы Батыс өңірлері мен Оңтүстікте сары уайымға ұласқан-ды. Өрісін тауып, жусатып өргізсең, көк шалғынға масайраған төрт түліктің бүйірі томпайып, күз күзекке күйлі түсері сөзсіз. Ертеден кешке дейін бел шешпей мал соңында жүрген малшы қауымды қалай дәріптесек те жарасады. Төрт аяқты дала тағысы мен екі аяқты ұры-қарыдан, одан қалса, малға келетін кесапаттен бетпебет келетін де осы малшы қауым.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Белжайлаудың төрінде, Суандардың елінде, малшылар мерекесі аталып өтті. Еңбектерің еселі, істерің ілгері бола берсін, ақ таяқ пен құрық ұстаған шопан қауымы!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

БИЫЛ БІРІНШІ СЫНЫПҚА 11 800-ден АСТАМ БАЛА БАРАДЫ

Көзді ашып жұмғанша үш ай, 90 күндік жаз мезгілі де өтіп барады. Енді біраз уақыттан кейін күміс қоңырау қағылып, жазғы демалыстан оралған балалар алтын ұя мектептерімен қайта қауышатын болады. Балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттайтын балауса балғындарды ата-аналары мектепке беру үшін ерте көктемнен қам-қаракет жасаған-ды.

Білім Министрлігінің берген ақпаратына сүйенсек, 1 сәуірден 1 тамызға дейін 4 айға созылған аралықта республика бойынша 400 мыңға жуық өтініш түскенін Білім министрлігінің баспасөз қызметі ғаламтор желісіне хабар таратқан. Онда «*Өтініштерді қабылдау рәсімі автоматтандырылды, бірақ ата-аналар құжаттарды дәстүрлі форматта тапсыруға мүмкіндік алды. Биыл өтінімдердің 80% электронды түрде берілді. Енді мектептер сапалы дайындыққа және оқу процесін ұйымдастыруға, сынып түгендеуге кіріседі. Жаздың соңғы айын мектептер тиімді пайдаланады*», – деп атап өтті білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Гүлмира Кәрімова.

Аймақтарда бірінші сыныпқа баратын оқушылардың сан жағынан басымдық беретін өңірлердің тізбесі жарияланған. Мәселен, бірінші сынып оқушыларының көпшілігі Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында тіркелген. Гүлмира Кәрімованың айтуынша, балалардың 70%-дан астамы мемлекеттік тілде оқуды таңдаған. Балаларды қазақ тілінде оқытатын сыныптарға қабылдаудың жоғары көрсеткіші Қызылорда (89,6%), Ұлытау (86,6%), Маңғыстау (86,2%), Жамбыл (80,4%) облыстарында бай-қалған. Бір ғажабы бұл қатарда екіге бөлінген Алматы және Жетісу облыстарының аты аталмайды. Демек біздің өңірлерде таза қазақ мектебіне баратындардың көрсеткіші көңіл көншітпейді деген тұжырымға тоқтауға болады. Себеп, нақты цифрды Білім министрлігі беріп тұр. Бұл сауалды Жетісу облысы білім басқармасының міндетін атқарушы Айжан Мамановаға қойдық.

Биылғы оқу жылына Жетісу өңірі бойынша бірінші сыныпқа тамыздың 2-не дейінгі мәлімет бойынша 11 852 бала қабылданды. Таза қазақ сыныбына баратын балалардың көрсеткіші – 75%. Жалпы 1-ші сынып пен 11 сыныпқа баратын оқушылар саны 128 000. Былтыр Алматы облысын қосқанда бірінші сыныпқа 48 000 бала барғанын айтты. Ал Талдықорған қаласы бойынша бірінші сыныпқа 3500-ден астам бала бармақ. Оның ішінде таза қазақ сыныбына баратын балалардың көрсеткіші 72,1%, орыс мектебіне баратындардың саны 27%. Қала бойынша 25 мектепте жалпы 34 000 бала білім алатын болады. Бұл көрсеткіш облыстың жалпы көрсеткішіне қосылады.

Мектеп формасы

Неше жылдан бері жыры таусылмаған мектеп формасына байланысты ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов ата-аналар үшін алдағы оқу жылына әр өңірдің мектеп формасы болатыны жайлы айтты.

Министрдің айтуынша, алдағы оқу жылынан бастап әр өңірдің оқу-ағарту басқармалары бірыңғай мектеп формасын таңдап, бекітетін болады. Бұған дейін оқушылардың қандай мектеп формасын киетінін мектеп ұжымы айқындап келген еді. Енді бұл үрдіс жойылып, бірыңғай мектеп формасын жергілікті оқу-ағарту басқармалары анықтап, ортақ стандарт қалыптастырмақшы.

– *Бұған дейін оқушылардың мектеп формасының түсі мен стилін білім беру мекемелері анықтап, оны қамқоршылық кеңесімен бекітуші еді. Бүгінде елімізде 7,5 мыңнан астам мектеп бар екенін ескерсек, соған сай мектеп формаларының түрі мыңға дейін жеткенін білеміз. Бұл ата-аналар үшін тиімсіз. Балалар бір мектеп келесі мектепке ауысқанда мектеп формасын ауыстыруына тура келуші еді. Жаңа тәртіп бұған нүкте қояды*, – деді Асхат Аймағамбетов.

Жаңа тәртіп бойынша алдағы уақытта елімізде мектеп формаларының 20 шақты түрі болуы мүмкін. Білім министрінің бұл шешімі қаншалықты жүзеге асатынын алдағы уақыт көрсетеді. Әйтсе де, әр өңірдің оқу-ағарту басқармасы бірыңғай мектеп формасын енгізсе құба-құп. Өйткені мектептерде барын киіп, бақанын қолына ұстаған дәулетті отбасылардың балалары мен орта және әлеуметтік осал топтардың балалары бөлектеніп тұратын. «Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек» демекші, білім ұясындағы мектеп формасына қатысты біріздік қажет-ақ. Бұған дейін білім саласында ушыққан мәселенің бірі діни жолды ұстанған ата-аналар қыз балаларының мектепке тұмшаланып барғанын қалайтынын айтып даурыққан-ды. Бұл үрдіс қоғамда әлі қызу талқыға түсіп тұр. Алайда білім ұясында жүрген, әрі кәмелеттік жасқа толмаған балаусаларды тұмшалап тастауға қарсы тараптың да өз айтарлары бар. Бай мен кедейге бөлінген бүгінгі қоғамда білім алу жалпыға бірдей қағида болғанмен, киер киім, тамақтану мәселесі жарлы-жақыбайлардың балаларын жасытып келеді. Мемлекет қамқорлығына алғанмен ес кіріп, есейген балалар мектептен алатын көмекке намыстанатындары да бар. Шариғатта «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» деген тәмсіл бар. Әлеуметтік көмек алатын балаларға киім-кешек және мектептен тамақ үлестіргенде соның жымын білдіртей, айғайлап, аттандап бөлен балаға көмек көрсеттік дегізбей, у-шусыз таратса оны әлеуметтік осал топтың балалары да білмей қалатын айла-шарғы мектепке жетіспей тұр.

Жалпы әр өңірдің бірыңғай мектеп формасы бір қалыпқа түсіп, барлық оқушы бірыңғай киінсе, бұл мектеп үшін де, балалар үшін де дұрыс пайым болмақ. Қажет болса білім беретін мұғалімдерді де бірыңғай киім үлгісіне көшірген абзал. Бұл қағида мектептегі оқушылар арасындағы жікке бөлінушілікті тияды. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов бұл бастаманы көктен де жерден де, алған жоқ. Бұған дейін де білім жайлы мақалаға тұздық болып келген-ді. Республика бойынша 7,5 мыңнан астам мектептерде бүгінге дейін 1000-нан астам мектеп формалары болса, енді ол ықшамдалып әр өңірдің өзіндік мектеп формалары болатыны айтылуда. Биылғы жаңа оқу жылынан тағы бір жаңалағы қазақ тілінде оқитын мектептерде 1-сынып оқушылары тек қазақ тілінде білім алатынын мәлімдеді.

1-сынып оқушылары тек қазақ тілін меңгеретін болады

Осындайда ғой, «Әттең тонның келтесі-ай» дейтінің... Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде ресми тілде жорғалап, ағылшынша ән салып, тіпті, қытай тілінде оқиық деп жар салдық. Мемлекеттік қазақ тілі босағада қалды. Мәселен, Жапония мемлекеті оқушыларына 5-6 сыныпқа дейін тек жапон тілінде білім береді, 7-сыныптан ары қарай өзге тілдерді оқу бағдарламасына енгізген. Әншейінде білім жайлы реформаны басынан көшіріп алып, білім саласын былықтырған экс-министрлер мемлекеттік тілді қорғамақ түгілі, мектеп оқулықтарының өзін қойыртпақ жасап жіберген-ді.

Тақты әліп деп танитын өзінің төл тіліндегі кириллица әріпті түрлі түсті суреттер арқылы әріп танытатын «Әліппені» алып тастап, қоғамда дүрбелең тумады ма?! Айғайлап, аттандап жүріп әліппені қайтардық. Одан бөлек, оқулықтардағы қателіктерден бала түгілі мұғалімнің миы ашып, оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовке үш хат жолдаған мұғалімдер оқулықтарды біріздікке бейімдеуді сұрады. Жас министр санаттан шығып қалған әліппені кері қайтарды. Енді міне, 1-сынып оқушысы таза қазақ тілінде білім алатынын айтуда. «Әттең тонның келтесі» дегеніміз де сол таза қазақша білім алу, тым құрыса 3-ші сынып бітіргенше болғанда ғой деймiз де... Оқу-ағарту министрінің айтуынша, бірінші сыныпта таза қазақша оқып, орыс тілі 2-сыныптан, ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылатынын мәлімдеді.

– *Зерттеулер мен талдаулар жүргізгеннен кейін біз бірінші сынып оқушысына бірден 3 тілді меңгеру қиын екенін көрдік. Бұл – тиімсіз. Біз бұл мәселеге қатысты шешім қабылдадық. Енді қазақ тілінде оқитын мектептерде 1-сынып оқушысы бір ғана тілді, яғни қазақ тілін меңгереді. Біз баланың алдымен өз ана тілінде оқуды және жазуды үйренуі үшін тиісті жұмыс жүргізіп жатырмыз. Екінші сыныпта бағдарламаға орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі қосылады. Орыс тілінде оқитын мектептерде 1-сыныпта орыс тілі мен мемлекеттік тіл, ал 3-сыныптан бастап ағылшын тілі оқытылатын болады,* – дейді.

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, бұл ұсыныстар бұрыннан бері айтылып келе жатқан. Бірақ таза қазақ тілінде білім алу бастауыш сыныпта тек бір жыл ғана болғаны көңілге кірбің ұялатады. Болашақта бұл талқы тағы да қоғам тарапынан қозғалыс болса, қайта қаратылып қалуы да бек мүмкін. Ана тілінің уызына жарып өспеген бала мемлекетшіл, әрі Отанды шынайы сүйе алмайды. Онсызда Қазақстанда аралас мектептердің саны басым. Ал ондағы балалардың көбі таза қазақ тілінде емес, ресми тілде бір-бірімен қарым-қатынас жасап жүргені айдан анық. Әйтеуір, сең қозғалды, мұғалімдердің бәрі де оқу-ағарту министрінің реформасына ризашылықтарын айтуда. Тек мектеп директорларына қатысты қағидат қатаңдатылса дейді. Жадырап жаз өтіп, күркіреп күз келе жатыр. Балаңыз мектепке дайын ба ағайын?!

А. БҰЛҒАҚОВ

Сурет ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 8 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.35 Әнұран
06.05, 03.15 «Жәдігер»
06.30, 01.40 «Теледәрігер»
07.30 «Аңыз бол. Кіші бигфут»
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 20.00, 01.10 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Аққайың»
14.10 «Қызық екен» 3-маусым
15.00, 02.25 Д/ф «Шаңырақ»
15.30, 02.50 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Акварели»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Линия Родства»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бақталас»
15.00 Т/х «Абай Жолы»
18.00 Мегахит «Угнать и продать»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 00.10 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Худ/ф «Жетімдер»
15.40 «Сырты бүтін»
16.00, 01.55 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00, 03.20 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Березовая Роща-2»
14.00 Новости
14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Заповедный спецназ»
00.30 «Спецназ-2»
01.40 Новости
02.00 «Паутина»
02.45 ЖАҢАЛЫҚТАР
03.00 «Паутина»
03.45 «Басты жаңалықтар»
04.10 «Тамаша city»
04.55 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.15 «Нарисуй мне маму»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Одиночка»
02.15 «САОДАТ»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 «Құйынды мекен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Ұлттық жоба»
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 31 әзіл
08.30, 00.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
11.20, 12.30 Сериал «Отель Элеон»
13.30 Худ/ф «Обитель зла-3»
15.30 Худ/ф «Клаустрофобы»
17.50 «Драконы навсегда»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Паутина лжи»
02.00 What s upp?
03.00 Сериал «Базарбавтар»
04.30 1001 әзіл
05.00 Balla Battle
05.20 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.30 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.30, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Бала-бол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с рублевки»
17.20 Сериал «Женский доктор»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 9 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.45 Әнұран
06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.30, 01.50 «Теледәрігер»
07.15, 10.00, 13.00, 20.00, 01.10 AQPARAT
07.45 «Көңіл толқыны»
08.20 М/х «Сақшы Арыстан»
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Аққайың»
14.10 «Қызық екен»
15.00, 02.35 Д/ф «Шаңырақ»
15.30, 03.00 «Ауылдастар»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Акварели»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Угнать и продать»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бақталас»
15.00 Т/х «Абай Жолы»
18.00 Мегахит «За гранью жизни»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Ене»
12.20, 00.10 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Худ/ф «Өткінші жаңбыр»
14.20 Сериал «103»
15.00 «Громовы. Дом надежды»
16.00, 01.55 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан Олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00, 03.20 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05 Сериал «Отчаянные»
13.05 «Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Заповедный спецназ»
00.30 «Спецназ-2»
01.40 Новости
01.55 «Паутина»
02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР
02.50 «Паутина»
03.35 «Басты жаңалықтар»
04.00 «Тамаша city»
04.45 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.15 «Проспект обороны»
13.00 «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
16.10 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Одиночка»
02.15 «САОДАТ»
03.05 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Ұлттық жоба»
07.00, 05.00 Ризамын
07.20 Информбюро
08.20, 00.30 Сериал «Ханшайым»
09.20 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
10.50, 11.50 Сериал «Отель Элеон»
12.50 «Драконы навсегда»
15.10 Кино «Паутина лжи»
18.00 «Легенда о красном драконе»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Хороший, плохой, коп»
01.30 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбавтар»
03.40 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.30 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.30, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Бала-бол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с рублевки»
17.20 Сериал «Женский доктор»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 10 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.45 Әнұран
06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.30 «Күміс кемей»
07.20, 10.00, 13.00, 20.00, 01.20 AQPARAT
07.50 Д/ф «Абай мектебі»
08.40 «Abai» Арнайы жоба
09.00 Т/х «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 13.10, 20.30 Т/х «Аққайың»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 Д/ф «Абайдың жолы»
15.20 «Құнанбай»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
22.30 «Өмір ызғары»
23.30 «Егіз лебіз»
01.50 «Теледәрігер»
02.35 Д/ф «Шаңырақ»
03.00 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Акварели»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «За гранью жизни»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтар-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бақталас»
15.00 Т/х «Абай Жолы»
18.00 Мегахит «Гнев»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бәсеке»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Ене»
12.20, 00.10 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Худ/ф «Өткінші жаңбыр»
14.20 Сериал «103»
15.00 «Громовы. Дом надежды»
16.00, 01.55 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 «Кішкентай келін»
19.25 Т/х «Құрақ»
20.00, 03.20 «Astana Times»
20.30 «Жарық сәулесі»
21.00 Т/х «Жылама ана»
02.30 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05 Сериал «Отчаянные»
13.05 «Семейный альбом»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Заповедный спецназ»
00.30 «Спецназ-2»
01.40 Новости
01.55 «Паутина»
02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР
02.50 «Паутина»
03.35 «Басты жаңалықтар»
04.00 «Тамаша city»
04.45 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.35 «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х « AQ Мама»
09.25 «Чума»
11.15 «Проспект обороны»
13.00 «ШЕФ»
15.00 «Көріпкел»
16.10 «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара Гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «ШЕФ»
23.40 «Проспект обороны»
01.30 «Одиночка»
02.15 «САОДАТ»
03.05 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен» (концерты)
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 Әзіл студио
06.30 Д/ф «Ұлттық жоба»
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 00.50 Сериал «Ханшайым»
09.20 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/х «Маша и медведь»
10.50, 11.50 Сериал «Отель Элеон»
12.50 «Драконы навсегда»
15.10 Кино «Паутина лжи»
18.00 «Легенда о краснем драконе»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Тайна 7 сестер»
01.50 What s upp?
02.20 Сериал «Базарбавтар»
03.40 1001 әзіл
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.30 «Арам ақша. Адал махаббат»
08.30, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 Шоу «Маска»
11.00, 19.30 Сериал «Бала-бол»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.40, 22.00 Т/х «Жараланған жүректер»
15.40 «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с рублевки»
17.20 Сериал «Женский доктор»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰЛҒА

АЙБАТТЫ "АҚШОЛАҚОВ"

«ЖЕТІМ ҚОЗЫ ТАС БАУЫР, МАҢЫРАП ЖҮРІП ОТЫҒАР» ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗДІ МЕН СЫРЫ ДА, МҰҢЫ ДА ҚАЗАН КЕУДЕСІНДЕ ҚАЙНАП ЖАТҚАН ЕРБОЛ АҚШОЛАҚОВҚА ҚАРАТЫП АЙТСАМ БОЛАДЫ. ОЛ НЕ ӘКЕНІҢ, НЕ ШЕШЕНІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫН КӨРМЕДІ. ШЫР ЕТІП ЖАРЫҚ ДҮНИЕ ЕСІГІН АШЫП, КІНДІГІН КЕСКЕННЕН АНА СҮТІНІҢ УЫЗЫНА ҚАНБАДЫ. ТАҒДЫРДЫҢ ТАЛҚЫСЫНА ТҮСТІ. ТЕПЕРШІН КӨРДІ. ӨЗІ ТЕҢДЕС БАЛАЛАР АТА-АНАСЫНА ЕРКЕЛЕП, ҚАЛАҒАН ОЙЫНШЫҒЫН АЛЫП МАСАЙРАП ЖҮРГЕНДЕ, ОЛ СӘБИ ЖҮРЕГІМЕН ЖОҚШЫЛЫҚТЫ СЕЗІНДІ. МҰҢҒА ТОЛЫ ЖАНАРЫМЕН АЙНАЛАСЫНА ЖӘУТЕҢДЕЙ ҚАРАДЫ.

«Күшігінен таланып» азу тісін ақситып көрсетуді, оған тағдырдың өзі үйретті. Үйгентас баурайындағы қасиетті Қарлығаш елді-мекенінде көзін тырнап ашқаннан нағашы шешесі Бәтима үш айлығында етегіне салып, ешкінің сүтін беріп асырады. Айдарлап өзіне теліп алған «Ақшолақов» тегі – нағашы жұртынікі. Әжесінің денсаулығы болмаса да, осы баланың тілеуін тілеп, аядай ғана тауықтың күресіндей жұпыны екі бөлмеде ойын баласына түрлі кітаптар оқып беріп, санасына құятын. Айтқанынан қайтпайтын, адуынды әжесін бүкіл ауыл «Жынды Бәтима» дейтін. Қолынан келер қайраны жоқ балғын, «Бізді неге жынды дейді?» деп намыстан жарылып жылайтын. Жоқшылықтан кейде бір үзім нанға да зарығып қалған сәттер де болған. Сондай кездің бірінде азанда көршісінің үйіне барса, қаймақтатып шай ішіп, май жалап отырған қошынасы «қайыршылар» деп зілденіпті. Жоқшылықтан қажыған, кемпірдің қолына қарап қалған балғын балалығын жоғалтып ерте есейді. Өмірге деген көзқарасы түбегейлі өзгереді. Қарт шешесінің кітап құмарлығы, ертелі кеш баласына кітап оқып беруі – бала Ерболдың дүниетанымын өзгеше құбылысқа айналдырады. Өзі әріп танымаған, сәби кезінен Әнуар Әлімжанов пен жергілікті ақын-жазушыларды танып жадына түйіп өседі. Бәтима әжесінің адуындылығы, бірбеткейлігі Ақшолақовтың да айнымас серігіне айналады.

Мектеп қабырғасында жүрген кезін есіне алған Ербол: «*Ұстазым Қалиева Бақыт Түлкіжанқызы сынып жетекшім болды, музыка сабағынан берді, кезінде Алматыдағы атағы дүркіреген «Гүлдер» ансамблінде әнші болып қызмет атқарған. Құдай оңдап, біздің Қарлығашқа осы мұғалім келді, сол кісінің жақсылығын көп көрдім. Өнерге деген құлшынысыма қанат бітірді. Қара сөз, қара өлең, әнге деген құмарлығым осы ұстазымның арқасында артты»,* – дейді.

Туғаныңа тура сөйлеп, тік жүру кімге ұнасын?! Білім қабырғасында жүргенде шым астынан шындықты суырып алып, жалғандықпен, екіжүзділермен бетпе-бет келген Ақшолақовтың да басы ноқтаға сыймайды. «Алды артын әлі болжамаған бала ғой, болашағына балта шауып алады ғой, сорлы бала» деген гу-гу әңгіме ауыл арасында қамысқа тиген өрттей қаулап жататын. Ауылдың әлеуетін, елеусіз, ескерусіз қалған ақын-жазушылардың мерейлі мерекелері туралы дабыл қағып, ақпарат құралдарын жұмылдырып жататын айбатты Ақшолақов мектеп ұжымына да, аймақтағы шенді-шекпенділерге де ұнай қоймайтын. Айыздары қанғанша Ақшолақовты әкім-қараларға жамандап бағатын. Жетімнің жер тепкілеп ақиқат үшін арыстандай айға атылып, айбат көрсеткені мектепте толық білім алуына мүмкіндік бермейді. Ақшолақовтың алғырлығына тәнті болған жора-жолдастары марқұм Бейсен Құранбекке баруға жол сілтейді. Ерболдың есіміне әбден қанық Бейсен жылы қабылдап: «*Ә, батыр, сен оқы. тоқы, жалықпай ізден, сенің болашағың зор, бәрі қолыңан келеді*» деп, Талдықорғандағы №19-кәсіптік өнер колледжінің директоры Нұрғали Әшімбекұлы Самылтыровқа қоңырау шалып, жатақханаға орналастырып, өз қалтасынан ай сайын 40 000 теңге төлеп оқытады.

«Өмірден ерте кетті, әруағыңнан айналайын өз ағам, жасаған жақсылығыңның бір тамшысын да қайтара алмай қалдым-ау», – деп Ербол өзегі өртеніп, жиі-жиі есіне алып отырады. «*Сол қайтпас қайсарлық, батырлық, айбаттылық, менмеңдік өр кеуде, кеуде болғанда ар жағында түк жоқ. Арқа сүйер ағам, артымнан итеріп тұратын, інім, жалымнан сипайтын жанашырым жоқ, бір Құдайдан басқа. Ұяда алған тәрбиең жерге кіргенше бірге кетеді»,* – дейді Ақшолақов.

Жанын шүберекке түйіп жүріп, бозторғайдай шырылдаған бозбала дұшпанға сырын білдірмей, жан жарасын ішіне бүгіп, ширап өсті . Таланты тасты жарып, танауын тасқа соғып, ағысқа қарсы жүзген Ақшолақовқа Алматы облысының экс-әкімі Серік Үмбетов пен идеология жөніндегі орынбасары Серік Мұқанов, облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова толықтай білім алуға мүмкіндік жасап, Алматы қаласындағы академик Ш.Смағұлов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа орналастырады. Міне, осы сәттен бастап Ақшолақовтың да айы оңынан туып, бас қаладағы зиялы қауым жазушылармен етене араласады. Қабырғалы қаламгерлердің қамқорлығына бөленіп, өзінің де шығармашылық қарым-қабілетін ұштастырады. Тағдырмен тайталаса жүріп, ешкімнің алдын кеспеген бозбаланы аяғынан шалушылар көп болды. Бар айыбы, ақиқатты арқа тұтып, «Ақты ақ, қараны қара» деген табандылығы маңайындағыларға ұнамады. «Ақымақ Ақшолақов» деген түрлі қауесет те таратты. Бір Құдайдан басқа сүйенері жоқ ол болаттай қайралып, жоғары білім алып, туған өлкесіне қайта оралғанда әжесі дүние салады. Сол кезде аудан әкімі болған, бүгінде Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев қолұшын созып, ағалық қамқорлығын танытып, бағып қаққан (ана орынына, ана болған) әжесін ақтық сапарға шығарып, бар жол жоралғысын жасап, оған бар мүмкіндікті жасайды. Басына баспана береді. Пайым парасатты әкім айбатты Ақшолақовтың алғырлығына тәнті болады. Ол жайлы елдің алыпқашпа өсек аяңына құлақ та түрмейді. Керісінше, *«Әй, Ақшолақов сенің жазу-сызуыңнан, жазғыштығыңнан түк пайда жоқ, маған жұмысқа кел, қашанғы жүресің?!»*,– деп жігерін қайрайды. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дегендей, тура сөйлеп, бетің бар, жүзің бар демей, айтып салатын Ақшолақов әкімнің айтқан ұсынысына келісе қоймай, өзімен-өзі жүреді. Бірақ құдіреті күшті Алла Ақшолақовты әкімнің алдына өзі айдап алып барады. Қыстың көзі қырау, сақылдаған сары аязда «Қабандай» ауылдық мәдениет үйінің жауаптылары той тойлатып, сылқия тойып жүргенде, от жақпай мәдениет үйінің жылу жүйесі түгел жарылыпты. «Алқымға пышақ тақалғанда, ақ ешкі бақылдапты» демекші, жаны қысылғанда Қабанбай ауылының әкімі үйінде жатқан Ақшолақовқа жүгініп, «*Ойбай құрыдық Ербол, аудан әкіміне сенің сөзің батады ғой, от жағылмай жылу жүйесі жарылды, құтқар*», – депті. Әкім келіп, ауыл әкімінің екі аяғын бір етікке тығып, от жақпаған жандарды жауапқа тартып, ісін полицияға беріп, шығынды түгел орнына қойдырамын, оңбағандар деп, айбарына мінгенде, Ақшолақов «*Әлаға үш күн мүмкіндік беріңіз, мен бәрін қалпына кетіремін, сеніңіз»* депті. «*Қайтіп қалпына келтіресің?! Атшабардай мәдениет үйі бүлінді, осыншама жылу жүйесін қайдан табасың?*», – деп ашуға булыққанда, үш күнде қалыпқа келтірмесем, мені қоса жазалаңыз деп өтінген Ақшолақовқа: «Дүйсенбіде келіп көремін» деп кетіп қалады. Әкім кете салысымен аудандағы мектеп, ауруханалардың қоймашыларына хабарласып 48 жылу жүйесін тірнектеп жинап, таныс дәнекерлеушілерді шақырып, аязда күн-түн демей, жылу жүйесін қалыпқа келтіріп, төтенше жағдайлар бөлімшесіндегі таныстарына шығып, су толтырып, от жағып, бүлінген қабырғаларды ақтап, мәдениет үйін жылытып, айтқан мезгілде аудан әкімі Әлібек Жақанбаев келіп көріп, аң-таң болып, «*Ақшолақов мына мәдениет үйіне бүгіннен бастап сен ие бол, сен директор боласың*» деп тағайындап кетіпті. «*Айналайын Ербол, мына жерде сенің шашыңнан, жауың көп. Сен мені жерге қаратпа. Ертең Жақанбаев қойып кеткен Ақшолақов деп айтқызба, жақсы жұмыс жаса*», – деп сенім артыпты. Әлгі Ақшолақов құрсын деп жамандап жүргендерге «Сендер Ақшолақов анау-мынау дейсіңдер, сол сияқты жұмыс жасай біліңдер» деп қаңқу сөзді тиып тастапты. Міне, содан бері ол Қабанбай ауылдық мәдениет үйіндегі шығармашылық жұмысты жандандырып келеді. Директор болып тағайындала салысымен бұрынғы облыс әкімі Амандық Баталовқа да дүркін-дүркін хат жазып, әлеуметік желі арқылы шығып, мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын жаңартады. Сахна шымылдығын, тере перделерін, лед-экран алады. Бүгінде ауылдық мәдениет үйінде отызға жуық үйірме жұмыс жасайды. Мұндай отызға жуық үйірме Алматы және Жетісу облыстарының елді-мекендеріндегі ешбір ауылда жоқ. Әрі кетсе төрт-бес бірліктен аспайды. Шығармашылық ұжым аудан аймағындағы ауылдарға концерттік бағдарламаларымен жиі шығып тұрады. Жақында ғана демалыс аймағы саналатын Ақши ауылында өнер көрсетіп қайтты. Айбатты Ақшолақовтың іскерлігіне тәнті болып, сонау Нұр-Сұлтан қаласынан Сенат депутаты Ләззат Сүлейменова келді. «*Мұның өзі біз үшін үлкен мәртебе, үлкен жетістік»,* – дейді мәдениет үйінің директоры Ербол Ақшолақов.

– Өз ортамды енді таптым. Ақын да кез келген сәтте ақын бола бермейді. Шабыт дейтін шу асаудың қайшылықта тулайтын сәтінде мәнді де, көркем шығарма – өлең өмірге келеді. Қазір менің күніге 10-20 өлең жазып тастайтын қатарластарым, замандастарым бар. Жазған өлеңдерін оқысаң күлкің келеді. Не мән, не мағана жоқ. Мен Жазушылар одағының мүшесі де емеспін. Мен де өлеңдерімді соны жалпақ жұртқа жария жасауға қорқамын. Менің бойымда ондай күш жоқ, мынау енді ақынмын деп айғайлап жүр екен ғой, деп айта ма деймін. Сөз өнері де, ақындық өнер де – төкпелік өнер. Алматыда болған кезімде марқұм Шерхан Мұртазамен жақсы қарым-қатынаста болдым. Ол кісінің бала-шағасымен араластым. Ол кісі өмірден өтер шағында жағдайын сұрап бардым. Сонда айтқаны «Қаршадай болған қарғам-ау, күллі жайлаудың исін мүңкітіп келдің бе» деді. Қазақтың Шерханының өмірінің соңғы сәттерін көріп, налыдым. Әдебиеттен ойып алар орны болғанымен, өмірден өтерде қасынан ешкім табылмағанына жүрегім қатты ауырды. Ол кісі жан ұшырып Иманғали Тасмағамбетов пен Мұхтар Құлмұхамбетті шарық ұрып іздеді. Мен екеуіне де хабар жеткіздім, ол кісілер келмеді. О дүниелік болғанда келген шығар. деп ағынан жарылған Ақшолақов. Амандық Баталовтың тұсында біршама адамдар соңымнан шам алып түсті, атымды қаралап, аузымды жабуға тырысты. Мен жалған сөйлеген емеспін, не айтсамда шынайы шындықты айтым. Бірақ менің де бойымда пендешілікке тән кемшілігім бар. Менде қателістім. Қазір айтса айтар, жазса жазар, жамандаса жамандар, Құдай көріп тұр ғой деп, сабырлыққа жүгіндім. Бастысы сол Алланың көзі түзу болғаны жаныма сая береді. Адамға сенбеймін. Бойымдағы жаман әдетім өзіме ұнамаған, менің ішкі жан дүниеммен, оның жан дүниесі ұштаспаған адаммен, мейлі, пәленбай жас үлкен адам болса да иіліп сәлем бермеймін. Кездесіп қалсам қасынан бұрылып өте шығамын. Дастархан басында жолығып қалсақ, тымырайып отырып алам. Бұл бір жағы әдепсіздік, әрі кісілікке жатпайтын қылықтарымның бірі. Менің де жақсылықтан күтерім көп. Жетісу жеке облыс болды. Басшылыққа жақсы азаматтар келді. Сол азаматтарға айтарым, отыз жыл езгіде өмір сүрген халықтың есесін тіктейтін уақыт келді. Отыз жыл азап пен тозақты көріп, жоқшылықтан жүдеген халыққа демеу, қолдау көрсетсе деймін. Мемлекеттік қызмет әркімнің жеке дүниесіндей болмауы керек. Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет етуі тиіс. Мейлі министр, облыстың,ауданның, ауылдың әкімі бол, депутат бол, алайда, қалың бұқара жол сұраса, су сұраса, жөн сұраса, ағыңнан жарыл. Қаңтар оқиғасы отыз жылғы жиналған газ, құбыр шіріді, газ жарылды. Оның бәріне кінәлі жоғарыдан бастап, төменге дейін жауапкершілігі тым төмен, халықпен санаса алмайтын, халыққа құрметпен қарамайтын басшылардың кесепатынан болған асқынған кесел, дерт. Қансоқтасы сыздады, жыны сыртқа шықты, – деп ағынан жарылған айбатты Ақшолақов жайлы мінездеме осы...

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДІЛБЕК АБАЙДІЛДАНОВ – 90

КӨҢІЛІНІҢ КЕПТЕРІН КӨККЕ ҰШЫРҒАН...

Әділбек Абайділданов – Жетісудың құнарлы топырағының нәрлі жемісі. Ол қазақ поэзиясының өзіндік үні бар біртуар ақындарының сапында. Аты мен заты айшықты сөз зергерінің соңында қалған әдеби мұраларына көз тоқтатып, көңіл қоймау мүмкін емес.

Ақынның серпінді күйдің домбырасындай бұрауы келіскен, көкейінен күмбірлі де сырлы жыр туындаған тума талант болғанын замандастары жыр етіп айтады. Көзі тірісінде елеуі еленбеген, өзі кеткен соң алпысы да, жетпісі де кең көлемде атап өтілмеген ақынның туғанына биыл 90 жыл.

Келелі сөз бастайын жөні келсе,
Туары анық асыл жыр тебіренсе.
Әділбек деп әдемі әнге айналған,
Ақын ұлың өтіпті-ау серілерше.
Тойланбады кезінде тойы қанша,
Ойланбады өзі де жайын онша.
Пенделіктен жеркеніп, жаны шошып,
Ғұмыр кешкен шынайы шайырларша.
Ақ қағазбен сырласып түн ауғанша,
Жаны жайлы жай табар жыр ауланса.
Сыңар қалса жүгініп өлең-сөзге,
Толғап-толғап өтіпті ол жырауларша.
Жақын тұтып жанына жыр-әнді бұл,
Қосылыпты бәйгеге ұлан дүбір.
Жыр көгінде мәңгілік тұрып қалды,
Бұйырды да маңдайға қыран-ғұмыр.

Қазақтың айтулы ақындары Тұманбай Молдағалиев пен Сәкен Иманасов 2002 жылы Әділбек Абайділдановтың соңына қалдырған өлмес мұрасын құрметтеудің үлгісін көрсетті. Туған жеріне арнайы келіп, туғанына жетпіс жыл толып отырған ақын мерейтойының басталуына ұйытқы болды. Ақын есімін мәңгі есте қалдыруға туған жерінде игі қадам жасалды. Қарабөгеттегі бір көше ақын есімімен аталды. Өкінішке орай, елді мекендердегі бір мектепке, туған ауылындағы Мәдениет үйіне Ә.Абайділданов есімі берілсе, облыс орталығында ақын аты ұлықталса деген көпшілік өтініші әзірше жоғарғы орындар тарапынан қолдау таппай келеді.

Тарихтың жаманы жоқ. Жаманнан сабақ аламыз, жақсысынан үлгі аламыз. Ер-азаматтарымызды жалмаған, қаншама үйдің түтінін өшіріп, түндігін жапқан зұлмат соғыс салмағын сол қасіретті көзбен көрген ақын ғана дәл кескіндей алады:

– Мұңлық едің, кеудесіне кек түйген,
Қабақ қату, күлкі қашып кетті үйден.
Бір күндері суық хабар сап етті,
Сол қағаздан жүрегіңе оқ тиген.
Қайтерсің-ай, есіңнен де жаңылдың,
Сені, мүмкін, алып қалған жаны ұлдың.
Қара түннің бір пұшпағын жыртып ап,
Басыңа сен содан қара жамылдың.

Түн пұшпағынан қара жамылу сол кезеңнің жесірлеріне ортақ қасірет. Осы қасіретті бала кезінен сезініп өскен ақын «Қайран жеңгем» өлеңін осылайша керемет суретпен кескіндейді.

– Әдебиет пен өнер сарайына ену де қиын, кірген соң орын тауып, ірге тебу де қиын. Ең қияметтің қиыны, әрине, ешкім шегеше суырып алып, сыртқа шығарып тастай алмастай бекініп, берік қалуың..., – дейді көрнекті ақын, эссеист Мұзафар Әлімбаев. Шын мәнінде осы тұрғыдан алғанда Әділбек Абайділданов сөзге сұлулық сіңдіре білген, ақиқатты әсемдікпен әрлей білген, әдемі қалыптасқан, әдебиет әлеміне ірге тепкен ақын.

Әділбек ақын ірі суреткер. Оның сөзбен салған суретінде жан бар, әрекет бар, тіршілік бар. «Теңіздің дәмі – тамшыдан» дегендей оның «Дихан» өлеңін сараласаңыз кейіпкер тұлғасы ақын салған суретпен қанығып, сол адамды бұрыннан танитындай күй кешетінің ақиқат.

«Дихан-жұмыр жерге жан береді, ол келгенде таң құлпырады. Ол жермен бірге ыстықта түтеп, жермен бірге жаңбырмен жуынады. Оның қолындағы күрегі – ожау, сол ожаумен жер көмейі бүлкілдеп су ішеді. Көк егіннен ұшқан көгілдір бу дихан құшағының жылуы».

– Көк егінмен жаны оның бір, тегі,
Оған төнген дауылды да іркеді.
Егінінің шашынан күн сипалап,
Саусағының сары алтынын сүртеді.
Бұл өнерде одан ешкім асқан ба,
Гүл өсіріп шығарады ол тастан да.
Қарайды да туған жерге құмартып,
Көзіменен көтереді аспанға.
Құдіретімен қуаң жерде су ақты,
Күннен жерге бұрған да сол шуақты.
Егін-жайда мөлтілдеген таңғы шық,
Моншақтаған соның тері сияқты.

Ақын жырының жан-дүниесінде қарапайым еңбек адамына деген шынайы сүйіспеншілік бар. Тіршілікке іңкәрліктен, адал еңбекті аялаудан осындай төрт аяғынан тең түсетін туындылар жазылады.

...Жүрегін бір қуаныш кернеді ме,
Нұрланып сала берді жер де, міне.
Дөңгелек үстелдей боп жатқан жердің,
Туа сап Ай асылды ернеуіне.
Осынау сәулетке енді қара да тұр,
Шомылып аппақ нұрға дала жатыр.
Биікке жаңа туған Ай-баланы,
Жер өзі тік көтеріп бара жатыр.
Себелеп ақ сәулесін құятұғын,
Түнекті жым-жылас қып қуатұғын.
Жалғанда көзіңді ашар жарқыратып,
Айды да Жер екен ғой туатұғын.

«Жер-Ана» өлеңінде ақын осындай оқыс ой түйеді. Бұдан бұрын, мұнан кейін дәл осындай шендестіруді кездестірдіңіз бе? Ақындық қиял жаныңызды нұрландырып, айналаңызға аялай, бағалай, бағамдай, байыптай қарауға үйрететіндей.

Құштарлық құпиясын ақтаруға ақын шығыс шайырларының махаббат дертін арқау еткен шығармаларын дұрыс деп тауып, «Үш тармақ ғазел» жазып көрген екен. Бірінші тармақ «Сенсіз таңның сазарып атпағанын, Уақыт тоқтап, Күннің де батпағанын», – деп басталып, осы ұйқаспен ұласқан сезім «Шыныменен, мен десең, ұмыта көрме, Өмір бойы

Жоңғар Алатауы. Қожыр-қожыр тарғыл қара тастар. Жұмбақ үңгірлер. Доланалы жақпарлар. Аспан теңкиген бұлттарын түйетауға теңдеп қойған. Таң атқанда, ару күн кірпігін ашқанда қия-құздар қызыл нұрға бөленеді. Тау іші құлпырады. Жапырақтар шып-шып терлейді. Алтын сәулемен ажарланып тау масайрайды. Тарғыл таудың басында бір түп кепкен қарағай тіршілікке жағалай көз салып тұр. Шыңға ол қалай шыққан? Туған жерден алыстаған соң семіп қалған мұңлық па? Жоқ, таудан әрі асырып жауын қуған бабам осы биікте мәңгі тыныстаған болар? Бұл қарағай бабамның қара тасты жарып шыққан сүйегі емес пе? Ақын «Шыңға шыққан қарағай туралы балладасында» осылай сендіреді. Тың теңеу. Иланасың, тебіренесің, толқисың.

...Тарғыл таудың ең ұшында – бір түп кепкен қарағай,
Сол биіктен тіршілікке көз салады жағалай.
Кеудесінде жаны барға болмайды әсте мұны ұқпай,
Туған жерден алыстап ол семіп қалған мұңлықтай.
Батыр бабам жау қуғанда таудан әрі асырып,
Сол биікте қалған болар бетін таспен жасырып.
Сол бір тұрған қарағайға Күн де басын иеді,
Бабамның ол қара тасты жарып шыққан сүйегі.

Оқырманын иландыра, тебіренте, толқыта білген қаламгер құдіретті. Онда талант тегеуріні бар, қалам қуаты бар. Әділбек ақынның осындай қасиетке ие болғаны анық. Оған біз кез келген өлеңін саралағанда көз жеткіземіз.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДІЛБЕК АБАЙДІЛДАНОВ – 90

есінде сақта, жаным», – деп аяқталса, екінші, үшінші тармақтарда бір ұйқаспен үндесіп, жүрек лүпілі жаныңа ләззат сыйлайды. Бұл да ақын шеберлігінің бір дәлелі.

Әділбек ақын өзі де ғашық бола білген, өзіне сұлуларды ғашық қыла білген серілердің сапында. Замандастарының естелігінен танып-білген осы жайт оның лирикалық жырларынан әрдайым көрініс тауып жатады. Сүйгеніне деген адалдықты, арды биік ұстаған шайыр қаламынан сондықтан да ойлы, нәрлі жыр туады.

– Шын бақытты болу үшін өз басым,
Саған деген жүрегім еш тозбасын.
Тікен кірсе табаныңа әлдебір,
Менің жаным шығып кете жаздасын.

Бұлай деп махаббатты өмір мәніне балаған ер жігіттің ғана айта алары хақ.

Әділбек ақын – эпик. Кең тынысты ақын поэмалары кезінде әдеби қауымнан да, оқырмандардан да өз бағасын алған. Әңгімеміздің бастауында ойымызға дәнекер болған «Қыран» поэмасы лейтмотивіне туған жердің тартылыс күшін арқау етеді. Алтайға нағашылап барып, ел аузына ілінген Қарабураны көзін байлап, ұрлап әкеткен Қоқай атақ үшін сол қыранның алғырлығын айналасына тамашалатуға асығады. Сол күн туғанда Қарабура жемтікке де көз салмай туған жер деп шарқ ұрады. Бетпақтың даласын кесіп өтіп, Балқашты баса көктеп қыран Алтайға жетіп құлауды серт етеді. *Қыранмен бірге оқырман бір қуанып, бір қуарады.*

Өртеніп, өршеленіп тау қыраны,
Аязды қызуымен жандырады.
Бұлдырап қарлы бас шың көрінгенде,
Жасаурап көзі, шіркін, жаудырады.

Осылай Қарабура туған жерге жеңіспен оралған жауынгердей таудың қара тасын мәңгілікке жастанады. Ақын «Ер – туған жеріне» деген мақалдың өміршеңдігін осы поэмасы арқылы негіздей түседі.

Сондай-ақ «Гүлнар» атты поэмадағы туған жерді түлетуге үлес қосып жүрген еңбеккер қыздың ертеңіне елеңдетіп, қызықтыра білген ақын табысына қуанбай тұра алмайсың. «Біздің шалдағы» қарттың қайсарлығы, кербиеден жүйрік құлын тууын аңсаған қазақи пейіл, «кенже немеремнің ат жалын тартып мінгенін көрсем» деген арманына жетіп, шүкіршілікпен тіршілік тынысының үзілуі, бәрі-бәрі поэманың финалына дейін оқырманды соңынан ертіп, ынтықтырып отырады. Шығарма эпилогында:

Келемін әлі мен содан,
Асаумен әлі алысып.
Келемін әлі мен содан,
Зулаған күнмен жарысып.
Алысып асау тағдырмен,
Сан жылдар артта қалдырдым.
Алысып асау тағдырмен,
Са-а-ан жығылдым, сан тұрдым.
Төзімі менде темірдің,
Асауды дәйім қармасам
Жығылсам, мынау өмірдің,
Жалына қайта жармасам, – деген түйін ақынның өмірлік кредосына айналған. Махаббат машақаты жыр еткен «Армысың, махаббат» поэмасының да кейінгіге берер тәлімі мен көтерген жүгі қомақты.

1982 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген ақынның «Жүрегімнің шұғыласы» атты өлеңдер мен поэмалар жинағының ауқымды бөлімінде «Махаббатта маза жоқ» деген тақырып аясында жүрек жырлары топтастырылыпты.

– Жер емес, анда-санда бір есетін,
Шарап емес, ішіп сап түгесетін.
Махаббат әлдекімнің олжасы емес,
Анау да, мынау да кеп үлесетін.
Пернесін жүрегіңнің басып тұрып,
Кейде бір жібереді ау асықтырып.
Шын махаббат сол дер ем-
Жалғыз жанға
Өмір бойы қояды ғашық қылып, – дейді Әділбек ақын осы бөлімнің беташарында. Осынау егіз шумақтың махаббатты көрсеқызарлықпен, құмарлықпен алмастырып жүретіндердің де жүрегіне сәуле түсіретіні сөзсіз.

Ақын өзіне дейінгі сұңқар ақын Сәкеннің сәнін алған бекзат болмыстың иесі болыпты. Сырласқан құрбы қыздарының әрлі де әдемі болуын басты нысана тұтқандықтан өлеңдеріндегі сұлулыққа іңкәрлік оқырманды еріксіз елітіп, соңынан ертіп отырады:

– Шықсайшы есігіңнен сусып қана,
Қарасын ажарыңа түн сұқтана.
Сезді ме сенің келер сыбысыңды,
Осынша не тыңдайды тыншып дала?, – деп ақын жырлаған ажарына түннің өзі сұқтанатын табиғатпен тұтастас кейіпкерді көрсем етті деген жастық тілек кез келген бозбаланың көкейінде көктеген болар. Ақынның кейіптеуінше сұлуды сағынғандықтан гүлдің де жанары мөлтілдейді, оның ақ жүзі аймақты нұрландырады, көңілді самалдай жарық қылады. Осы сурет сезімінді селт еткізгендіктен сенің де ақынмен бірге ойың ұштасып:

– Сезім айдап, үмітке жетелетіп,
Қалсаңшы әлдеқайда жеке кетіп.
Мойныма оралсайшы жібек болып,
Тіземе қондырсамшы еркелетіп, – дегің келеді.

Қайтыс болғаннан кейін, сірә, іздеушісі болмағандықтан әдеби сыннан қағыс қалғаны болмаса тірлігінде Әділбек ақын өлеңдері аға буыннан да, қатарластарынан да әділ бағасын алғаны белгілі. Ә.Абайділдановтың ақындық бітімі ойлы жырды қадір тұтатындар қаперінен ешқашан шығып көрмегенін осы арада ерекшелеп айтуымыз керек. Әлем поэзиясын жанжақты меңгерген, өлеңге келгенде бейжайлыққа, салқынқандылыққа, көзжұмайлыққа ымырасыз, қара қылды қақ жаратын әділ, ісі мен сөзі ұштасатын, ақындық өрісін тірлік сапары шектелгенше кеңейтумен келген батыл ойдың ақыны махаббат тақырыбында да төрт аяғы тең жорғадай көсіледі:

– Ұйқыға кетті түн тыншып,
Терезем ашық, шілдерлі.
Қараймын тысқа үн-түнсіз,
Мүләйім аула гүлдері.

Көп болды шамың сөнгелі,
Ай кірді үйге, перде өтіп,
Іздеймін, қайдам мен мені,
Отырмын ойлар тербетіп.

Сусытып самал қозғайды,
Пердемді шашақ кекілді.
Лебі жұмсақ, тым жайлы,
Өзіңнің демің секілді.

«Елес» өлеңінің осынау үш шумағы терезеден енген ай сәулесін сүйіктісіне ұқсатқан жас жігіттің жүрек тебіренісін айнытпай береді. Әрбір шумағы оқыған жанның көкейіне ұялайтын осы өлеңнің жалғасын тыңдап көріңіз:

– Төсіме шіркін басар ем,
Қайтейін, жүрсің тым жырақ.
Бөгеліп көзде жас әрең,
Кейде бір кетем тұнжырап.

ПерІштем тағы елестеп,
Мінеки, тұрсың алдымда.
Өзіңсіз асқан белес көп,
Тосырқап әлде қалдың ба.

Кетпедім жат боп, төзе алмай,
Болса да ауыр талай сын.
Жаудырап сонша көз алмай,
Жанарың жылы қарайсың.

Сағыныш сары тартты деп,
Аяйсың мені, аяйсың.
Алаулап жүзің отты леп,
Бетіме тағы таяйсың.

Қол созып кенет байқамай,
Десем бір «Келші, сәулешім».
О ғажап! Тұрды бейқам Ай,
Түсіріп күміс сәулесін.

Сөз қадірін тіл қадірі, өз қадірім деп түсінетін ойлы оқырман Әділбек ақын мұрасын алғашқы жолынан соңғы нүктесіне дейін жүйелі түрде оқып шықса, арманшыл замандастарымен ой өрісі үндес ғажайып қазақ ақынын төбесіне көтерер еді. Көрнекті ақын мұрасымен бұрыннан етене оқырмандары Абайділдановтың айшықты қолтаңбасын танып, жоғалтқан асылымен қайта қауышып, жыр маржанынан бас алмай сусындар еді. Ал кейінгі буын Мұқағали туындыларындай тағы бір жыр әлемін ашар еді.

Әділбек пен Мұқағали замандас, қатарлас, тағдырлас. Әдебиет әлеміне Әділбек ақын бозбала қалпында енді. Алғашқы тырнақалдыларымен-ақ есімі елге белгілі қаламгерлер сапынан көрінді. Аға буынның алғысын алды, кейінгі толқын ұстаз тұтып, көркем сөздің шеберіне аста-төк ықылас-пейілін жасырмады.

«Махаббатты жырламаған ақын аз, оған соқпаған ақынды ақын деп түсінудің өзі қиын. Мәңгілік тақырыптың қыры мен сыры мол екендігі айдан анық, алайда Әділбек толғанысына дұрыстап көңіл аударған жөн сияқты. Өйткені, «күйдім, жандымды» Әділбек жас шағында біраз айтқанмен, ұлы сезімнің орынды теңеу, ажарлы бояу тілейтінін соңғы жинағында анық таныта білген.

Көңілімнің кептерін көкке ұшырып,
Жұлдыздардан кеудеме шоқ түсіріп,
Мен сені жырлап өтем, сүйіп өтем,
Барлық ақын жырлаған бар сұлудан
Мен сенің мәртебеңді биік етем,

– депті «Қосақталдық аспанның жіптерімен» деген өлеңінде. Осыған сенгің келеді және осындай жолда орасан үлкен олжаға кезіге берсе екен деп тілектес те боласың».

Бұл үзіндіні біз ғалым, жазушы Тұрсынбек Кәкішевтың ақын жинағына жазған алғысөзінен алып отырмыз. «Махаббатсыз жыр да тоңар адамдай» деп сүйіспеншіліксіз өмірдің сұрқай кескінін бір адамдай жырлаған ақын пайымына зер салып көрейікші:

Өмір керек, ал өмірге жыр керек,
Өмірімнен жыр айтады бір дерек:
Махаббатсыз өмір болмас, жыр болмас.
Махаббатты жүректегі нұр дер ек,
Махаббаттан жаралады жыр баста,
Махаббаттың мұңаюы бір басқа.
Махаббатсыз жыр да тоңар адамдай,
Махаббатсыз өмірің де құр босқа.
Махаббатпен өмір көктеп, жыр көктеп,
Жүрегіңе жылуы оның бірге өтпек.
Ал мен кейде жаздың ыстық күнінде,
Құдайым-ай, тоңып жүрем дірдектеп.

Ақынның терттағандары да сезім мен ақылдың өзара үйлесім тапқан формасы іспетті:

Мұңымды әсте теріс деме,
Сиқырлайды күллі елесің.
Ғашық болып періштеге,
Әйел затқа үйленесің.

* * *

Сылаңдай берме құр босқа,
Бойжеткен, сезсін талапты іш...
Жақсы қыз болу бір басқа,
Жақсы әйел болу-жауапты іс.

Біз бүгін қалың оқушы қауымға ақынның сезім жырларын қайтадан жаңғыртып, тарту еттік. Ақынның азаматтық ойлары мен мейірім – мұратын арқалаған жыр мұрасы ескерусіз қалмас деген оймен Әділбек ақын ізбасары ретінде өз көзқарасымызды кеңірек толғауды парызымыз деп есептейміз.

Ол бар болғаны 52 жыл ғұмыр кешіпті. Алматы облысы Сарқан ауданында Бақалы мен Қарабөгетке ортақ Бастаушы елді мекенінде 1932 жылы 18 наурызда дүние есігін ашқан ол Лепсі педучилищесін бітіріп, еңбек жолын Ақсу ауданындағы Октябрь жетіжылдық мектебінен бастаған. Білімін тереңдетуді көксеген, әдеби ортаны аңсаған жас бір жылдан соң Алматыға аттанып, 1956 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдайды. Университет қабырғасында жүргенде-ақ республикалық басылымдарда өлеңдері жарияланып жүрген жас ақынды газет редакциялары жатсынбай қабылдайды. Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу», Алматы облыстық «Жетісу» газеттерінде, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарған жылдары қабырғалы қаламгерге айналады. Көзі тірісінде «Ақ қайың», «Салтанат», «Қыран», «Алыс көкжиек», «Сокол», «Маржан», «Жүрегімнің шұғыласы» атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көріп, оқырманның сүйіспеншілігіне бөленген. Кейіннен 2003 жылы «Ана тілі» баспасынан «Прометейдің аспанға қарап айтқаны» атты тақырыппен өлеңдер мен поэмалар жинағы ақынын сағынып қалған оқырманға жол тартты.

Аударма саласында да Абайділдановтың айшықты ізі бар. Орыс-кеңес антологиясын тәржімалауға үлес қосып, Лермонтов, Блок, Иван Франко шығармаларын, Чилидің әйгілі тұлғалары Габриэла Мистраль мен Павло Неруданың өлеңдерін қазақ оқырмандарымен қауыштырған. 1971 жылы «Өнегелі адамдар өмірі» сериясымен жарық көрген «Николай Островский» атты кітапты аударғаны шығармашылық өрісі кең талантың бір қыры ғана.

Ақынның да ақыны бар, батырдың да батыры, жүйріктің де жүйрігі бар. Ақындығы аста-төк Әбен Дәуренбеков 1939 жылы ҚХР Шығыс Түркістан өлкесінде өмірге келіп, поэзия әлемінде өзіндік із қалдырған ақтангер ақынның жырларының көбі әнге айналды. Оның «Белжайлау, «Ауылдағы той», «Тойың тойға ұлассын», «Шопан атаға хат» секілді өзге де әндері күні бүгінге дейін өнер саңлақтарының репертуарынан түскен емес. Қарапайым қоңыр тіршілік кешкен ақынның әзіл әңгімелерінің өзі тұнып тұрған сатира. Ел арасында Әбен ақын айтыпты деген бір қағытпалар, заманында бірге қызмет жасаған әріптестерінің қаламына да арқау болған. Өлең өлкесіне қанат қаққан талай таланттардың тұсауын кесіп, ағалық ақылын айтып, бағыт-бағдар көрсеткен шайыр 75 жасында фәни жалғаннан бақилық мәңгілік мекеніне аттанды. Редакция қоржынына келген Әбен ақынның төл шәкірті, Алматы облыстық Жазушылар Одағы филиалының орынбасары Жангелді Немеребаевтың өзіне ұстаз тұтқан ағасы жайлы бір үзік сырын оқырман назарына ұсынып отырмыз.



ӘБЕН ДӘУРЕНБЕКОВ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

2003 жылы Талдықорған қаласындағы Қанабек Байсейітов атындағы Саз колледжінде 4-ші курс оқып жүрген кезім еді. Әбен ағамен сол жылдың күз айының бір жайдарлы күнінде орталықта «Қарағаш» сауда үйінің жанындағы бір дәмхананың алдында ойда-жоқта алғаш кезіктім.

Ол кісінің атына қанық болғаныммен бұрын сонды жүзін көрмеген едім. Ақын ағаммен танысуыма себеп болған Алматы облысының Сүйінбай атындағы филормониясында еңбек ететін Ардақ Құлжабеков деген асаба жездемді (Ардақтың әйелі біздің ауыл жақтан болған соң балдыз деп қалжыңдайтын) көріп бұрылған болатынмын. Қасында шашы буырыл тарта бастаған орта бойлы тоқпақтай ғана ақсақал тұр. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін «Мына ағаңды танисың ба? Әбен Дәуренбеков деген ақын ағаң осы кісі деді». Бұрын атақ-даңқына сыртынан қанығып жүрген мен, қолма-қол қолын қайтадан алып Әбен ағаның астыүстіне түсіп, өлеңдерінен хабардар екенімді айтып, бір-екі өлеңін оқып та жібердім-ау!

Әбекең «Әй, Ардақ мына баланы алып дәмханаға қайта кірмесек болмайды»- деп биязы үнімен асхана ішіне өзі бастай жөнелді. Өзімде ақындыққа жаңа еліпіп жүрген кезім, Әбен ағадай асқар тауды көргенде арқаланып кеткенімді несіне жасырайын. Бауырына тартып өз өлеңдерін жатқа оқыған мені Әбен ақын мақтады-ай келіп. Көңіл-күйімізді сыралатып көтерген біздер несін айтасың өлең оқыдық. Әзіліміз жарасып, ағалы –інілі болып омартаға гуілдеген арадай жыпырлап, Әбен ағаның бір өлеңін әнге айналдырғанымызды айтып, шамам келгенше орындап та бердім. Мен әннің қайырмасын екінші мәрте қайталағанымда ағамда қосыла жөнелді. Ән аяқталған соң, «*Менің бірнеше жыр жинағымның ішінен тура осы «Арман қыз» өлеңімді тауып алғаның-ай бала*», – деп таңырқап бұндай әннің сирек екенін айтып мені бір марқайтып қойды. Әлгі дәмханада «гуілдескендердің» бірі Әбекең біздің Суанның ақыны деп мақтан тұтқысы келіп еді, оны жақтырыңқырамай, «Қазақтың ақыны деуге қимай тұрсың ба?!», – деп бір түйіреп алды.

Сол думанды отырыс мен үшін өте әсерлі, көңілді өтті. Содан бері ағама сәлем беріп, сырласып, өлеңдерімді сынатып тұруға мүмкіндік алған соң Қабылиса жырау мен Ескелді би көшесінің қиылысындағы үйіне жиі барып тұратын болдық. Кейіннен оқуымды тәмамдап өзімнің туған ауданымдағы ауылға оралдым. Үйдің кенжесі болған соң отбасылық жағдаймен ұзап шыға алмасам да ауылда ән мен жырымды серік етіп, өнерімді бағалаған үлкен-кішінің басын қосып, өнердің отын өшірмедік. Сол жылдары өзім оқыған Көлбай орта мектебінің өнерпаз мұғалімдері ұстаздарым менің алғашқы әдеби сазды кешімді ұйымдастырды. Сол тұсаукесер кешіме шақыртылған облыстағы ақын-жазушылардың атынан Жетісудың бас ақыны, Жазушылар одағының мүшесі Әбен Дәуренбек келеді деп ойламаған да едім. Әбекең бір күн бұрын келіп, үйіміздің төрінде құрметті қонақ болды. Әкеммен танысқан соң түн ұзақ әңгімелесіп, әзілдері де жарасты. Аздап домбырамен ән салатын үлкен ағайым Ерсайын ауылдың алты ауызын айтып ақынның көңілін көтерді. Ертесі мектепке бет алдық, ауылда мәдениет үйі болмағандықтан мектеп залы ауыл тұрғындарына лық толып, біразы сыртта жиылып тұр екен. Төрде округ әкімі бастаған екі ауылдың мектеп басшылары Әбен аға екеумізді ортаға отырғызып, ән-жыр кешін бастап кетті. Мектеп оқушылары өлеңдерімді оқып, аудан орталығы Үшаралдан келген өнерпаз достар әндерімді шырқап жатты. Сөз кезегі Әбекеңе келгенде Алакөлден шыққан Сәкен Иманасов, Әнуар Әлімжанов, Ахмет Кендірбек сынды ақын-жазушыларды тілге тиек етіп, менің де соңымнан ерген бозбала ақындар Азамат Нұрмұханов пен Ғабит Жиенбай деген жас дарындарға тоқтала келіп, балғын жырларына риза болғандығын айтты. Кешегі Ақан, Біржандарды мысалға алып, осындай өнерпаздарды ертіп жүрген мені де бойында серіліктің нышаны бар дей келе, көпшіліктің алдында батасын берген соң, Жан Сері деген ат қоямын деп тосынсый жасағаны бар.

Мектепте ұйымдастырған кітап көрмесіндегі сөреден өз кітаптарын көріп, кітапханашы Ғалия апайға алғысын білдірді де «Жеті атамның жері еді» деген өлеңімен қатар екі-үш өлеңін жатқа оқыды. Төрде отырған сол кездегі округ әкімі Мұса Қайсаұлы «Әбен аға, махаббат туралы біреуін оқысаңызшы» деп өтініш білдіріп еді, «Мәдинаны оқимын» деді «Ол махаббат туралы ма?» деп еді , «Сен әуелі тыңдасаңшы, тұнып тұрған махаббат екенін көресің қазір» деп оқи жөнелді

«...Тамағыңның астында мең бар
еді Мәдина,
Сол меңіңе қадалып нем бар еді
Мәдина»

– деген жолдарына келгенде жұрт дүркіретіп қол соға жөнелді. Өлең оқылып болғаннан кейін сахнаға мен де көтеріліп Әбен ағамды тереңірек таныстырмаққа исі қазақ білетін әйгілі «Ауылдағы той» әнінің өлеңін жазғанын айтып, қай жылы, қай жерде алғаш кездескенімізді айта бергенде Әбекең орнынан атып тұрып, «Жан сері, танысқан жердің әдіресін айтпа» деп елді тағы бір күлдіргені бар. Қасына келіп Әбен аға, танысқан жерімізді нақты айтпаймын ғой. Неге алаңдадыңыз десем «Мен әдейі айттым, ақындар қандай жерде танысатынын мына жұрт білмей отыр дейсің бе?» деп жымиып қойды. Сол кеште Мектеп ұстаздарының атынан Алдаңғор Дүзімбеков, Найман Ерғазин, Бағдат Шатырбаевтар ауылдың алты ауызын үш дауыста әдемілеп орындап берген соң ақынға шапан жауып, құрмет көрсетті. Сол кештен соң Алаштың ақынын ауылымыз болып қимай-қимай, Талдықорғанға шығарып салғанымыз көз алдымда. Сол ауылымдағы жыр кешімде ақынды соңғы рет көрген екенмін ғой, тіршілік мойын бұрғызбай араға бір-екі жыл салып қалаға келгенімде ол кісі Жаркентте екенін естідім, сөйтіп тағы жолығысудың сәті түспей-ақ қойды.

Бір күні кешкі жаңалықтарда «Жетісу» арнасынан Әбен Дәуренбектің «Қызықпай байлыққа да мансапқа да,

Өмірден өтсем деп ем ән сап қана» деген өлең жолдарын оқып жатқанын көріп, елең ете қалдым. Басында ақ қайыңның қасында тұрған бейнесін көріп, қуанып та қалған едім. Сөйтсем дүниеден озғанын хабарлап жатыр екен. Түнде ақын Ерғазы Манапұлы қоңырау шалып, ертесі таңғы тоғызда Бикен Римова атындағы театрдан шығаратынын айтты. Ардақты ақыннан, һәм ұстазымнан көз жазып қалып, қарлы боранда жолға шығып, қабіріне топырақ салып, ауылыма құлазып қайттым.

Қазір ойлап тұрсам сол қарапайым қалпымен, әдемі әзілімен, сырлы жырларымен талайды тәнті етіп, қазақтың қай өлкесі болса да жатсынбай еліне еркелеп өткен ақкөңіл ақынды жиі есіме алып сағынамын... Мен сияқты шалғайдағы бір белгісіз жас өркенді қолпаштап, өнерін танып жерлестерінің алдында «Жан сері» атаған ақынның өзі де нағыз Сал Сері еді. «байлық та, атақта қумай» қоңыр тіршілік кешіп, бар мұңымен сырын жырына ақтарып елжұртымен бөліскен Әбен Дәренбеков дара тұлға еді. Ат қойғанда да тауып қояды. Ол кісі әзілдеп айтса да осы бір бейресми «Жансері» деген атақты ауылдастарым мен өнердегі азаматтар іліп алып кетті. Солардың бірі анда-санда мен «Жансері» деп атай қалса қалса бірден Әбен ағам есіме түседі. Әруағыңнан айналайын әз аға, Әбен аға!

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУД РАССМОТРЕЛ ДЕЛО

ВЫНЕСЕН ПРИГОВОР В ОТНОШЕНИИ ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ

Талдыкорганским городским судом рассмотрено уголовное дело в отношении А.Е.Д., А.Е.,Т.А. обвиняемых А.Е.Д. по пункту 2) части 3 статьи 366 УК (получение должностным лицом взятки в виде денег в значительном размере, для себя за бездействие в пользу взяткодателя группой лиц по предварительному сговору); Т.А. по пунктам 2),4) части 3 статьи 366 УК (получение должностным лицом взятки в виде денег, неоднократно, в значительном размере для себя за бездействие в пользу взяткодателя группой лиц по предварительному сговору,); А.Е.А. по части 2 статьи 367 УК (дача взятки должностному лицу лично, в значительном размере).

А.Е.Д. и Т.А., действуя группой лиц по предварительному сговору, будучи сотрудниками правоохранительного органа, в целях реализации своего преступного замысла, обусловились, что Т.А. займется вопросом переговоров с представителями казино на предмет осуществления покровительства их деятельности за денежное вознаграждение, тогда как от А.Е.Д. последует их покровительство со стороны ДЧС Алматинской области.

12 апреля 2022 года Т.А., действуя умышленно из корыстных побуждений, направился в игровой зал «Золотое руно» (ТОО «Lucky Bingo»), где обратился к ранее знакомой ему руководителю игрового зала «Золотое руно» А.Е.А. озвучив ей предложение о покровительстве деятельности в течение одного года указанного игрового зала со стороны ОЧС города Капшагай и ДЧС Алматинской области, выраженном в не проведении проверок на предмет соответствия требованиям пожарной безопасности, и не привлечении к административной ответственности в случае установления нарушений, за денежное вознаграждение в сумме 1 000 долларов США.

Подсудимые предъявленное обвинение признали в полном объеме.

В судебных прениях прокурор просил суд признать подсудимого А.Е.Д. виновным по предъявленному обвинению, назначить ему наказание в виде штрафа в размере тридцати пяти кратного размера суммы взятки, что составляет 15 739 500 тенге, без конфискации имущества, с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе; подсудимому Т.А. наказание в виде штрафа в размере тридцатипяти кратной суммы взятки, что составляет 47 137 300 тенге, без конфискации имущества, с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе; подсудимой А.Е.А. наказание в виде штрафа в размере двадцатикратной суммы взятки, что составляет 8 994 000 тенге, без конфискации имущества, с пожизненным лишением права занимать должности.

Вина подсудимых доказана: заключениями экспертов, показаниями соучастников, свидетелей, результатами негласных следственных действии и другими объективными доказательствами.

Санкция части 3 статьи 366 УК предусматривает наказание в виде штрафа в размере от шестидесякратной до семидесятикратной суммы взятки, лишение свободы на срок от семи до двенадцати лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

Санкция части 2 статьи 367 УК предусматривает наказание в виде штрафа в размере от тридцатикратной до сорократной суммы взятки, лишение свободы на срок от трех до семи лет, с конфискацией имущества или без таковой, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

Согласно статьи 53 УК, обстоятельствами, смягчающими уголовную ответственность и наказание А.Е.Д, А.Е.А. признаны чистосердечное раскаяние в содеянном, наличие на иждивении малолетних детей, первые судимости.

Согласно статьи 53 УК, обстоятельствами, смягчающими уголовную ответственность и наказание Т.А. признаны чистосердечное раскаяние в содеянном, наличие на иждивении малолетних детей, первую судимость, явку с повинной, активное способствование раскрытию уголовного правонарушения, изобличению других участников правонарушения.

Согласно статьи 54 УК, обстоятельствами, отягчающими уголовную ответственность и наказание А.Е.Д., Т.А. признаны совершение уголовного правонарушения сотрудником правоохранительного органа с использованием своего служебного положения.

Согласно статьи 54 УК, обстоятельством, отягчающим уголовную ответственность и наказание А.Е.А. по делу не установлено.

Судом А.Е.Д. признан виновным в совершении преступления, предусмотренного пунктом 2) части 3 статьи 366 УК и назначено наказание в виде штрафа в размере пятнадцатикратной суммы взятки в размере 6 745 500 (шесть миллионов семьсот сорок пять тысяч пятьсот) тенге

Т.А. признан виновным в совершении преступления, предусмотренного пунктами 2),4) части 3 статьи 366 УК и назначено наказание в виде штрафа в размере тридцати пяти кратной суммы взятки в размере 47 137 300 (сорок семь миллионов сто тридцать семь тысяч триста) тенге

А.Е.А. признана виновной в совершении преступления, предусмотренного частью 2 статьи 367 УК и назначено ей наказание в виде штрафа в размере пятнадцати кратной суммы взятки в размере 6 745 500 (шесть миллионов семьсот сорок пять тысяч пятьсот) тенге, без конфискации имущества.

Приговор суда не вступил в законную силу.

Пресс служба Талдыкорганского городского суда.

ГЕНДЕР

ДОСТИГЛИ ОПРЕДЕЛЕННОГО ПРОГРЕССА

В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций, которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии. В последнее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения. В промышленно развитых и социально ориентированных странах женщины практически достигли равенства с мужчинами в вопросах своих прав и возможностей.

Республика Казахстан за годы независимости достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Прежде всего это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

В частности, Казахстан присоединился и ратифицировал ряд основополагающих международных договоров, касающихся положения и прав женщин. Выполнены рекомендации Комитета ООН по ликвидации дискриминации в отношении женщин по принятию гендерных законов "О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин" и "О профилактике бытового насилия". Введен институт общественного мониторинга нормативных правовых актов.

Надо сказать, что растет и число неправительственных организаций, таких как Ассоциация деловых женщин Казахстана, Союз женщин-предпринимателей Казахстана, Республиканский совет женщин, Женская ассоциация развития и адаптации и другие, оказывающих помощь женщинам, стремящимся создать собственные предприятия. Они проводят консультации, обучение, помогают в вопросах кредитования. Таким образом, масштабно ведется работа по поднятию общего уровня бизнес-культуры и стимулированию предпринимательской инициативы.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций.Таким образом, становится очевидным, что формирование условий становления современной устойчивой семьи и достижения гендерного равенства является неразрывным процессом социальной модернизации общества.

Бекмурат ДУЙСЕНБЕКОВ, судья Талдыкорганского городского суда.

МОШЕННИЧЕСТВО

16 ЧЕЛОВЕК СТАЛИ ЖЕРТВАМИ МОШЕННИКА

Как передает Nur.kz, сделать права без экзаменов: 16 человек стали жертвами мошенника на севере Казахстана. Сделать права без экзаменов обещал мошенник жителям Северо-Казахстанской и Акмолинской областей, сообщается на официальном медиа-портале МВД Polisia.kz.

Как отметили стражи порядка, попытка приобрести водительское удостоверение в обход установленных процедур противозаконна. Тем не менее, есть те, кто согласен на такой шаг, именно такие люди попались на уловки мошенника. В СКО и Акмолинской области 16 человек лишились своих денег в обмен на обещание «сделать права» без экзаменов. Обещанного потерпевшие не получили. Один их них обратился в полицию. После, в результате оперативно-розыскных мероприятий, полицейскими был установлен подозреваемый — 34-летний житель Кокшетау. В настоящее время он содержится в следственном изоляторе.

По данному факту расследуется дело по статье «Мошенничество». Установлена причастность данного гражданина к 16 эпизодам, отметили в полиции.

«Первый из цепочки потерпевших сообщил, что подозреваемый связался с ним по объявлению в интернете о продаже автомобиля, и в разговоре упомянул возможность незаконного получения документов. Сельчанин согласился, впоследствии поделился контактом со знакомыми», — рассказал начальник ОП Тайыншинского района Нурлыжан Актанов.

Суммы ущерба начинались с 65 тыс. тенге, отметили в полиции.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДОДА

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ IV ЖАЗҒЫ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ

Талдықорған қаласында Ауыл жасөспірімдерінің IV жазғы ойындары өтті. Жарыс спорттың 12 түрінен өтті. Оған еліміздің 14 облысынан 3 мыңнан астам спортшы қатысты. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Талдықорғандағы «Бесарыс» көгалдағы хоккей стадионында жарыстың ашылу салтанаты өтті. Оған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

– *Жасөспірімдер тәрбиесі – бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі. Оларды бұқаралық спортқа тарту арқылы ерік-жігерін шыңдау, мінез-құлқын тәрбиелеу, рухын бекемдеу – біздің ортақ міндетіміз. Осы орайда бүгінгі басталып отырған жазғы ойындардың маңызы зор. «Жүзден – жүйрік, мыңнан - тұлпар» демекші, әрдайым көк туымызды жоғары ұстап, абырой биігінен көрініңіздер. Барша спортшыларға сәттілік пен жеңіс тілеймін!* – деді Б. Исабаев.

Жарыс бағдарламасына сәйкес, волейбол мен асық атудан «Жастар» спорт сарайында, грек-рим күресі, еркін күрес, қазақ күресінен «Өркен» спорт кешенінде, дзюдодан «Жастар 2» спорт кешенінде, шағын футболдан «Болашақ» стадионында, көгалдағы хоккейден «Бесарыс» стадионында, баскетбол 3х3-тен І.Жансүгіров атындағы университетінің спорт кешенінде, үстел теннисінен «Жетісу» теннис орталығында, тоғызқұмалақтан Жастарға қызмет көрсет орталығында, армрестлингтен Өтенай ауылдық округінің мәдениет үйінде өтті.

Еске салсақ, төрт жылда бір рет жалауын желбірететін бұл дода осыған дейін 2018 жылы Сыр өңірінде өткен болатын.

Аймақтағы жас спортшылардың жетістіктеріне қысқаша тоқталсақ, жыл басынан бері халықаралық және республикалық жарыстарда облыс қоржынына түрлі дәрежедегі

900 медаль түсті. Жалпы облыс аумағында кәсіпқой клубтардан «Жетісу» футбол клубы, «Жастар» ойындық спорт түрлері клубы және «Олимп» регби клубы бар. Бұл ретте «Бесарыс» көгалдағы хоккей командасы 2021 жылы ҚР чемпионатында ерлер арасында 1-орын, әйелдер арасында 2-орын иеленген. Сонымен қатар 2022 жылы Тайландта өткен Азия Кубогында әйелдер командасы 1 және ерлер арасында 2-орын иеленіп, 2023 жылы Африка елінде өтетін Әлем чемпионатына жолдама ұтып алды.

Спортшылар ішінде тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Арсен Есентайды, шахматтан Азия чемпионы, Әлем чемпионы Елназ Қалиахметті, дзюдодан ІІІ-жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындарының жеңімпазы Бекарыс Сәдуақасты, велоспорттан Евгений Федоровты, сол сияқты 2022 жылдың басынан каратэ шотоканнан І Азия чемпионатының жеңімпаздары Сайлау Миратты, Михайл Пушкинді, жүлдегерлер – Рамазан Ибегенді, Салават Рахымовты, Аргүл Мәжитованы, Ауыр атлетикадан жасөспірімдер мен қыздар арасында Азия чемпионатының күміс медаль иегері Надежда Лиді мақтанышпен айтамыз.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ДЗЮДО

АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ӨТІП ЖАТҚАН АУЫЛ ЖАСӨСПІРІМДЕРІНІҢ IV ЖАЗҒЫ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ.

Дзюдошылар «Жастар–2» спорт сарайында белдесті. Жауырынын жерге тигізгісі келмеген балуандар әр салмақ дәрежесі бойынша түрлі түсті медальдарды сарапқа салды. Татами төріндегі сайыс тартысқа толы болды. Жарыс қорытындысы бойынша білек күші мен әбжіл әдіс арқылы қарсыластарын қоғадай жапырған Жетісу облысының саңлақтары 3 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте топ жарды. Түркістан облысының спортшылары 3 алтын, 1 күміс, 5 қола медальмен тұғырдың екінші сатысынан көрінді. 3 күміс, 5 қола жүлдені еншілеген Маңғыстау облысының жастары үздік үштікті түйіндеді.

Грек-рим күресі «Өркен» спорт кешенінде өтті. Бозкілемде бір-бірінен басым түсіп, ойын көрігін қыздырған балуандар 10 салмақ бойынша белдесіп, кіл мықтыны анықтады. Нәтижесінде Алматы облысының балуандары (105 ұпай) жалпыкомандалық есепте алтыннан алқа тақты. Күміс жүлдені Жетісу облысының (105 ұпай), қола жүлдені Қостанай облысының (104 ұпай) өрендері еншіледі.

Өтенай ауылдық округінің Мәдениет үйінде өткен армрестлинг ойындарына сен тұр мен атайын дейтін мықтылар жиналды. Білектілер бәсекесінде Түркістан облысының командасы (117 ұпай) жеңіске жетті. 2-орынды Алматы облысы (96 ұпай) еншілесе, 3-орынды Жетісу облысының командасы (91 ұпай) қанжығалады.

«Жастар» спорт сарайында өткен асық ату және бес тас ойынына 104 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша асық атудан Түркістан облысы жеңімпаз атанса, 2-орынды Алматы облысының, 3-орынды Павлодар облысының ұлдары иемденді. Бес тас ойынында Атырау облысының қыздары қарсылас шақ келтірмеді. 2-орынды Қостанай, 3-орынды қызылордалықтар жеңіп алды.

Балалардың жылдам ойлауына, сонымен қатар, есептеудің түрлі тәсілдерін меңгеруге арналған тоғызқұмалақ ойынында 1-орынды Қызылорда облысы, 2-орынды Түркістан облысы, 3-орынды Алматы облысының командалары еншіледі.

І.Жансүгіров атындағы университеттің спорт кешенінде өткен баскетбол 3х3 спортынан қыздар арасында Түркістан облысының командасы (28 ұпай) топ жарды. Жетісу облысының қыздары (26 ұпай) күміспен күптелді. Қола жүлдені қостанайлықтар (24 ұпай) қанжығалады. Ұлдар арасында да Түркістан облысының командасы жеңімпаз атанды. Қостанай облысының командасы екінші, Жетісу облысының спортшылары 3-орынды еншілді.

Айдар ҚАЛИЕВ

ШАХМАТ

ОЛИМПИАДАНЫ ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Шахматтан Үндістанның Ченнаи қаласында өтіп жатқан олимпиаданы Қазақстанның қыздар құрамасы сәтті бастады. Жерлестеріміз алғашқы екі ойында Гватемала мен Бельгия құрамаларынан басым түсті.

Қазақстанның шахматшы қыздар құрамасы олимпиаданың алғашқы айналымында Гватемала спортшыларымен ойнап, 4-0 есебімен жеңіске жетті. Екінші раундта жерлестеріміз Бельгия құрамасымен шеберлік байқасып, бұл жолы да қарсыластарын тізе бүктірді – 3-1. Бұл кездесуде Бибісара Асаубаева мен Назерке Нұрғали өз ойындарында жеңіске жетсе, Жансая Әбдімәлік пен Ксения Балабаева тең түсті.

Ал алғашқы айналымда қытайлық Тайпейден 3:1 есебімен басым түскен Қазақстан ерлер құрамасы екінші матчта Тәжікстан шахматшыларынан жеңіліп қалды – 1,5-2,5. Бұл матчта Қазыбек Нөгербек қарсыласынан басым түссе, Арыстанбек Оразаев тең ойнады. Өкінішке қарай, Әлішер Сүлейменов пен Мұртас Қажығалиев қарсыластарына жол берді.

ОЙЛЫЛАР ОЙЫНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Алматыда Қазақстан шахмат федерациясының ұйытқы болуымен белгілі кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері мен қоғам қайраткерлері кездесіп, елдегі шахмат федерациясының даму стратегиясын талқылады. Шахмат ойыны – іскерлік дағдыларды жетілдіре түсетіні аян. Сонымен Федерация өкілдері ұйым жұмысына барынша ашықтық қағидатын енгізуге қатысты мәліметтерімен бөлісті. Сонымен қатар алда келе жатқан олимпиадаға қатысудың жай-жапсары қозғалды.

Қазір бұл федерацияның басты мұраты шахматты дәріптеуден бөлек, әлемдік жетістіктерге жетуде тең мүмкіндіктер жасау арқылы зияткерлік ұлт қалыптастыру болып отыр. Федерацияның жаңа құрамына бірқатар танымал іскер азамат пен меценат кірді. Бір жағынан бүгінде Федерация шахматты мектеп бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізуге әрекеттеніп отырғанын білеміз.

Федерация мәліметтеріне сүйенсек, елімізде ойлылар ойынына деген сұраныс жоғары. Ауыз толтырып айтарлық халықаралық жетістіктеріміз де бар. Шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасы – әлемдегі ең жас және ең болашағы зор құрама. Елімізде 200 мыңнан астам азаматы үзбей шахмат ойнайды, одан бөлек, 50 мыңнан аса бала шахматпен айналысады. Қазақстан қоржынында 2015 жылдан бері балалар мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаттарынан 40-тан астам медаль бар. Жастардың әлем чемпионаттары мен Азия чемпионаттарында 400-ден астам ұлпызымыз жүлделі орындарға ие болды. Сол сияқты қазіргі таңда шахмат секцияларына мен үйірмелеріне баратын 30 мыңнан астам бала жекелей қаржыландырылған.

Кездесу барысында Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов әйелдер ұлттық құрамасының жетістіктеріне тоқтала отырып: *«Егер біз әйелдер құрамасы туралы бөлек айтатын болсақ, Қазақстанның командасы рейтинг бойынша бесінші, жас ерекшелігі бойынша ең жас команда, демек, команданың әлеуеті зор. Құрам өте үлкен резервке ие. Егер қазақстандық таланттар туралы сөз қозғайтын болсақ, онда Әсел Серікбайды ерекше атап өтуге болады, ол 2021 жылдың желтоқсанында өткен шахматтан әйелдер арасындағы әлем чемпионатында бесінші орын алған, биыл әлем чемпионы атанған Қазыбек Нөгербек бұған дейін де басқа түрлі жарыста бақ сынаған»*, – деді Дәрмен Сәдуақасов.

Спикер өскелең ұрпақ арасында зияткерлік ойынды насихаттау мәселелеріне кеңінен тоқтала отырып: «Шынтуайтына келгенде, шахмат саласын қаржыландыру жеткіліксіз. Елімізде сапалы шахмат инфрақұрылымының болмауы салдарынан балаларға сабақ көп жағдайда жалға берілетін үй-жайларда өткізіледі. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен инфрақұрылымның болмауы шахматшы балалардың кәсіби дайындалуына кедергі келтіріп жүр», – деді Дәрмен Сәдуақасов.

Спикер Өзбекстанда шахмат ойыны бойынша білім беруді дамытудың жоғары деңгейі қалыптасқанын атап өтті. Көрші елде шахмат мектеп бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізілген.

Басқосуда Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов Федерацияның бастамаларын қолдай келе: *«Балаларды шахматқа жаппай баулу – адами капиталға салынған жақсы инвестиция. Бұл бағытта Алматыда жақсы мүмкіндіктер бар. Федерация бастамаларынан басқа, оңтүстік астанада түрлі үйірме мен мектеп жұмыс істейді. ArtSport бағдарламасы арқылы балалар шахматты тегін үйреніп жүр. Шахмат үйірмелері мектептерде трендке айналуға тиіс»*, – деді.

egemen.kz сайтынан алынды

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ

Сүт өнімдерінде кальций бар, ол сүйекті, тісті нығайтады, бұлшық еттің қызметін жақсартады, қанның түзілуі үшін жақсартады, тәннің жұқпалы ауруларға күресін күшейтеді.

1. Сүттің құрамындағы кальций ағзадағы майдың желінуіне әсер етіп және оның жиналуына кері әсер етеді екен. Ал америкалық ғалымдар майлылығы аз сүт жүрек ауруларына, әсіресе қан қысымының көтерілуі мен инсультке шалдығуды 50 % кемітеді дейді. Сиырдың сүті несеп ауруларына пайдалы, ойды ұшқырлайды, уланғанда көмектеседі. Жапонияның Ұлттық институты «Токио» жасаған зерттеулерінің қорытындысы бойынша асқазанның ракпен ауруының болдырмауының алғашқы профилактикасы сүт тағамдарын қолдану болып табылады. Сүтті жөтелгенде, суық тигенде ішеді. Адам организмі уланған жағдайда да сүтті қолданады. Ауырған кезді тосып отырмай күнделікті сүтті ішіп отырған денсаулыққа пайдалы.

2. Уыз – жаңа туған сәби мен жас төлдің ауруға шалдықтырмайтын ерекше құрамдар көп бөлшекте болады. Мысалы: белок жай сүтте қарағанда 4 – 8 есе артық, дәрумендер Д, Е, В – 2, РР, В – 12 және темір 3 – 6 есе артық, сонымен қоса минералды элементтер де жоғары болады.

3. Ірімшік құрамында цинк бар. Сүйек және шеміршектің қалыптасуына көмектеседі. А дәрумені, ірімшікте өте көп кездеседі. А дәрумені – көздің көру қабілетін жақсы сақтау үшін қажет.

4. Майлы сүзбеде фосфор бар. Жүйке жүйесі, мидың қалыпты жұмыс істеуіне қажет, зат алмасу үрдісіне белсене қатысады. Ойлау, еске сақтау қабілетін арттырады.

5. Айранның құрамындағы қышқыл асқазан ауруына пайдалы.

6. Сары май ішкі ағзаны жұмсартады, әлқуатты арттырады, дененің қызуын қайтарады. Май ағзаға тек энергиялық қуат үшін ғана емес, пластикалық мақсат үшін де қажет. Ол дегеніміз жаңа клетка құрылымын жасау керек. Адам майлармен бірге А, Д, Е дәрумендерін де алады. А дәрумені – көздің көру қабілетін жақсы сақтау үшін қажет. Ағзаның бірқалыпты өсуін қамтамасыз етеді. Егер бұл дәрумен жетіспесе, адамның жүзі солғын тартады, терісі, шашы құрғақтанып, қабыршықтанады, безеу бөртпелері пайда болып, тырнақтары сына береді, жарықтан жасқанып, көзі күндіз көріп, түнде көрмейді. Д дәрумені – ағзада кальций мен фосфор тұздарын сіңіруге көмектеседі. Бұл дәрумен жетіспеген жағдайда бала мешел ауруына шалдығады. Е дәрумені – бұлшық еттердің қызметін жақсартады. Ол маймен қатар, сүттің құрамында болады. Тортасын айырған майды құрғақ жөтел кезінде 1 қасық күніне 3 рет ішсе жөтелді тез басады. Себебі тамақты жібітеді.

7. Құртты өкпе, асқазан, сүйек ауруларына ем және суық тип ауырғанда сорпаға қосып ішкен дұрыс. Дәрігерлер қазіргі кезде балаларға құртты үнемі жеуді ұсынады.

8. Сыр – кариестің алдын алады. Себебі 60% кальций құрамын күшейтеді. Сілекейді молайту арқылы кариес пен қызыл иекті қабындыратын заттардың пайда болуына кедергі жасайды. Ағзада тез сіңеді. Оның құрамында белок, сүт қышқылы, темір және магний бар. Құрамындағы кальций тұзы мен фосфор сүйек ұлпасы, жүйке жүйесін коректендіру және қан құрамында гемоглобинді түзеуіне әсер етеді.

9. Сары су – қант диабетімен ауырғанда қанттың төмендеуіне әсер етеді. Артық салмақтан арылуға, қан тамырларының кеңеюіне әсер етеді. Сүт тағамдарының адамның ағзасына пайдасы бола тұра қаймақ пен майды көп мөлшерде жеу адам ағзасына зиянын келтіреді. Өте майлы болғандықтан көп мөлшерде қолдану бауырдың ауруына әсер етеді.

tolqyn.kz

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

ТУА БІТКЕН ҚАСИЕТІҢІЗ ҚАНДАЙ?

Адам мінезі балалық шағынан бастап қалыптасады. Кей мінез өскен ортасының, тәрбиелеген адамдардың әсерінен қалыптасса, енді бірінің мінезі туғаннан пайда болады. Ал сіздің сыртқы факторлардың әсерінсіз пайда болған қандай қасиеттеріңіз бар екенін білесіз бе? Суретке мұқият қарап, алдымен ненің бейнесін байқағаныңызды айтыңыз.

Арыстан

Сізге жай ғана туа біткен мінездің бір қыры емес, нағыз өнер берілген. Болмысыңыздан көш бастауға жаралғансыз. Мыңдаған адамды соңыңыздан ертіп, дегеніңізбен жүргізе аласыз. Өзгелер сізді үнемі үлгі тұтады. Алайда мойныңызда зор жауапкершілік бар екенін ұмытпаңыз. Сіздің қандай идеяңыз, ойыңыз болса да ізбасарларыңыз қолдауға дайын тұрады, кейін опық жейтіндей шешім қабылдап, басқалардың наразылығына тап боп жүрмеңіз. Көшбасшылықпен қатар ұйымдастырушылық қабілетіңіз де жақсы дамыған, сізден керемет жетекші шығады. Кез келген жауапкершілігі жоғары істі сізге сеніп тапсыра алады.

Барыс

Сіздің туа біткен қасиетіңіз – ерекше дамыған ойыңыз. Барлығын алдын ала нақты жоспарлап отырасыз, әрдайым осы қасиетіңіздің пайдасын көресіз, бұл сіздің шыңдарға жетелейді. Сіз үшін қандай биік болса да бағындыру қиынға соқпайды. Барлығын орнымен қолданасыз, сондықтан жоспарларыңыз тек сәттілік әкеледі. Ұсақ-түйекті де назардан тыс қалдырмайтын дедуктивті қасиетке иесіз. Өзгелерге қарағанда аңғарғыш қабілетіңіз де басым. Адамдарды бір көргеннен тани білетін көреген көзіңіз бар.

Бақбақ

Сіз әрдайым барлығын мінсіз етуге ұмтыласыз. Өз қызығушылығыңыздан, көзқарасыңыздан, ұстанымыңыздан тайдыру қиын. Тез арада шешім қабылдай білесіз, сондықтан көбі осы тұрғыда сізге арқа сүйей алады. Логикаңыз жақсы дамыған, эмоцияға аса берілмейсіз. Ойыңызды тез жинақтап, кез келген жағдайдың шешімін табасыз.

Өз қасиеттеріңізді тереңірек біле түскен болсаңыз, оны қарай пайдаға асырыңыз.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«Жалғыз көзбен қала көрдің?»

Көкіш пен Бөкіш түйдей құрдас. Бірінбірі аңдып, қалайда есе қайтарудың жолын іздейтін. Басты кемшіліктері бірінің көзі соқыр да, екіншісінің қолы шолақ еді. Бірде Көкіш бір арба шөп тиеп келе жатқан шолақ қол құрдасын көріп:

– Бөкіш-ау, мұншама шөпті бір қолыңмен қалай тиеп алдың? – дейді қарқылдай күліп.

– Оны жалғыз көзіңмен қалай көріп қойдың, Көкіш? – депті құрдасы.

«Сізді де бір төбе» деп...

Еш жерде жұмыс істеп тұрақтамаған Кетік ақырында үлкен мекеменің бастығы ағасына барыпты. Бауырының еңбек кітапшасын ақтарып отырған ол:

– Інім-ау, «отырмаған» төбең қалмапты ғой, – дейді ренжіп.

– Сізді де бір төбе деп келдім ғой аға, – депті Кетік іркілместен.

«Конкретно, айтыңдар!»

Тойға жиналғандар «Жылжиды аққу айдында, жылжымайды...» деп әндете бастапты. Сәл қызып отырған Көкіш шыдай алмай:

– Аққу қасиетті құс. Жылжи ма, жылжымай ма, конкретно, айтыңдар! – депті.

«Дәлелдеуім керек қой»

Ахмет ағамызға беделді газеттің тілшісі Сейдекеңді жайлауға ертіп апару тапсырылады. Жеткен жерлеріне дейін көлікпен барып, одан әрі атқа мінулеріне тура келеді. Тау өзеннен өтерде аты сүрінген тілшні толқын іліп әкетіпті.

– Құтқар, құтқар?! – дейді ағып бара жатқан ол жанталасып.

Ахмет қолұшын берудің орнына фотоаппаратымен суретке түсіре берген ғой. Ажалы жоқ ағамыз бұтаққа ілініп, әупіріммен тірі қалғасын:

– Есің дұрыс па, көмектескеннің орнына суретке түсіргенің не?! – деп жатып ашуланады.

– Кешіріңіз... егер жазатайым өліп кетсеңіз қалай тұншыққаныңызды заң алдында дәлелдеуім керек қой, – депті Ахмет.

Тұрлыхан КӘРІМ

СҰЛУЛЫҚ

Теріні ылғалдандыратын ТАБИҒИ ӨНІМДЕР

Терінің сұлулығы мен саулығы көбінесе оның ылғалдылық деңгейіне байланысты. Яғни, бет терісі құрғақ болса, түрлі проблемаларға тап боласыз. Тері тез тозады, әжім ерте түседі. Нәтижесінде өз жасыңыздан әлдеқайда үлкен көрінесіз. Егер тері жасушаларында ылғал аз болса, ең қымбат күтім косметикасы да пайда әкелмейді. Сондықтан қымбат косметика сатып алмастан бұрын терінің күйін жақсартып алғаныңыз жөн. Ол үшін теріні табиғи түрде ылғалдандыратын өнімдерді қабылдаңыз. Бетіңізге нәр беретін, ылғалдылықты арттыратын өнімдермен маска жасап тұрсаңыз, аз уақытта-ақ нәтижесін көре бастайсыз.

Алоэ жапырағының 2-3 данасын алып, жақсылап жуыңыз. Оның шырынын сығып алыңыз. Осы шырыннан 2-3 ас қасығын алдын ала бөлініп алынған жұмыртқаның ақуызына (белок) қосыңыз. Компоненттерді мұқият араластырып, тазартылған бет терісіне жағыңыз. 15 минуттан соң құбыр суымен жуып тастаңыз.

2 ас қасық құрғақ түймедақты (ромашка) стакандағы қайнаған суға салыңыз. Ол салқындаған кезде, суын сүзіп алыңыз. Суды төгіңіз, бізге тек түймедақ тұнбасы қажет болады. 1 ас қасық зәйтүн майын (оливка) аздап қыздырыңыз. Оны түймедақ тұнбасы мен 2 шай қасық алоэ шырынымен жақсылап араластырыңыз. Қоспа дайын болған соң, бетіңізге жағып, 20 минутқа қалдырыңыз. Уақыт өткен соң жылы сумен жуып тастаңыз.

Картоп пен жұмыртқаның сарыуызы 1 дана шағын картопты қабығымен бірге қайнатып алыңыз. Піскен картоптың қабығынан тазартып, жылы сүтке салып езіңіз. Қоймалжың қалыпқа ену үшін картоптың көлеміне қарай сүтті де аз-аздан құйып отырсаңыз болады. Оның үстінен жұмыртқаның тек қана сарыуызын салып араластырыңыз. Мейлінше түйіршіктер қалмайтындай етіп езіп, теріге жағыңыз. Бетіңізге жаққан соң 20 минут ұстау керек. Одан кейін әдеттегідей жылы сумен жуып тастайсыз.

Балғын қиярды қабығынан аршып, ботқа секілді күйге енгенше өте ұсақ етіп тураңыз, содан кейін електен өткізіңіз. Бізге керегі қоймалжың массасы. Ал қиярдың қалған суын лосьон ретінде пайдалануыңызға болады немесе мұздатқышқа салып, қатырып қойыңыз. Керек кезінде алып қолдана бересіз. Немесе қияр сөлінің өзін де қолдануға немесе басқа компоненттермен біріктіруге болады. Мысалы: қаймақ, айран, жұмыртқаның сарыуызы немесе балық майымен біріктіріп, керемет маска жасауға болады. Терінің күйін жақсарту үшін, жас әрі жарқын ету үшін оған белсенді ылғалдандыру қажет!

Elnur.kz

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А.НҰРЖАПАР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 770
Индекс 15534